



Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
Национальный Банк Республики Казахстан  
National Bank of Kazakhstan

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ  
**ЖАБАРШЫСЫ**

№2 2019 жылғы 1–28 ақпан

**«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»**

**Редакциялық кеңестің құрамы:**

Редактордың міндетін атқарушы:

А.Л. Терентьев

редакциялық кеңестің мүшелері:

П.Е. Орлов

Ә.Қ. Мадиярова

Н.В. Сарсенова

А.Е. Сәрсенбаева

шығарылымға жауапты:

Н.Н. Шабанова

Тел.: 8 (727) 330-24-52

**Құрылтайшы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ**

**050040, Алматы қ.,**

**«Көктем-3» ы/а, 21**

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде

24.02.1997 ж. № 432 тіркелген

1995 жылдан бастап шығарылады



## РЕДАКЦИЯДАН:

### Құрметті оқырмандар!

Қазақстан Ұлттық Банкі Сіздердің назарларыңызға «ҚҰБ Хабаршысы» журналының 2019 жылғы 1–28 ақпан аралығы кезеңіндегі №2 кезекті шығарылымын ұсынып отыр.

«Басты оқиғалар» бөлімінде Сіздер «Kompetenz» АҚ-ты, «Сәлем» сақтандыру компаниясы» АҚ-ты сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығынан айыру туралы ақпарат ұсынылған, 2018 жылғы төлем балансының алдын ала бағалауы және т. б. жарияланған.

Сондай-ақ, басылым беттерінде дәстүрлі түрде Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратты ұсынып отырмыз.

### МАЗМҰНЫ:

1. Басты оқиғалар.....	4
2. «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 138 қаулысы.....	15
3. «Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 139 қаулысы .....	129
4. «Іскерлік қатынастар қашықтықтан орнатылған жағдайда қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттерді тиісінше тексеруіне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 140 қаулысы .....	149
5. «Мемлекеттік емес облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ облигациялар шығарылымын жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығару проспектісін (облигациялық бағдарламаның проспектісін, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығару проспектісін) жасау және ресімдеу қағидаларын, мемлекеттік емес облигациялар шығару проспектісінің (облигациялық бағдарлама проспектісінің, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығару проспектісінің) құрылымын, Мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті және мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті жасауға және ресімдеуге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 115 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 141 қаулысы .....	154
6. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 142 қаулысы.....	157



### **«Kompetenz» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамын сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан айыру туралы**

2019 жылғы 1 ақпан

Алматы қ.

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіздер бойынша, «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығы берілген 2018 жылғы 12 қыркүйектегі №2.1.24 лицензиясының (бұдан әрі – Лицензия) қолданылуының бірнеше рет (соңғы он екі ай ішінде екі рет) тоқтатылғаны үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы №10 қаулысымен «Kompetenz» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандыру ұйымы) 2019 жылғы 1 ақпаннан бастап Лицензиядан айырылды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы №63 бұйрығымен уақытша әкімшілік тағайындалды, оған Сақтандыру ұйымының барлық басқару органдарының өкілеттіктері өтті. Сақтандыру ұйымының уақытша әкімшілігі өз қызметін Сақтандыру ұйымының тарату комиссиясы тағайындалғанға дейінгі кезеңде жүзеге асырады.

Сақтандыру ұйымы 2019 жылғы 1 ақпаннан бастап қаржылық қызметін, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген шығыстарға байланысты жағдайларды қоспағанда, қолданыстағы шоттар бойынша операцияларды жүзеге асыруды тоқтатады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі заңнамада белгіленген тәртіппен Сақтандыру ұйымының қызметін мәжбүрлеп тоқтату (тарату) туралы өтінішпен сотқа жүгінеді. Сақтандыру ұйымын Лицензиядан айырған күннен бастап кредиторлардың Сақтандыру ұйымына талаптары Сақтандыру ұйымын ұстауға жұмсалатын ағымдағы шығыстармен байланысты талаптарды қоспағанда, тарату өндірісінде ғана қойылуы мүмкін.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша уақытша әкімшіліктің басшысы Ержан Жақсылықұлы Алыбаевқа 8 (727) 227 31 61 және 8 701 712 17 78 телефондары бойынша өтініш жасауға болады.



## 2018 жылғы төлем балансын алдын ала бағалау туралы

2019 жылғы 5 ақпан

Алматы қ.

Алдын ала бағалау бойынша төлем балансының ағымдағы шоты 2014 жылдан бастап алғаш рет профицитпен қалыптасып, 0,9 млрд. АҚШ доллары болды.

Сальдо текущего счета



Жақсару оң сауда балансының айтарлықтай өсуі арқасында орын алды, ол 57,9%-ға ұлғайып, 27,4 млрд. АҚШ долларын құрады.

Мұнайға әлемдік бағалардың жағымды конъюнктурасы нәтижесінде тауарлар экспорты 25,2%-ға өсіп, 61,9 млрд. АҚШ долларын құрады. Мұнай және газ конденсаты экспорты (жалпы экспорттан 62,2%) 42,2%-ға ұлғайды.

Тауарлар импорты 34,5 млрд. АҚШ долларына дейін 7,5%-ға өсті. Барынша көп ұлғаю (16,9%-ға) инвестициялық тауарларды әкелу (жалпы импорттан 37,3%) бойынша орын алды. Тұтынушылық және аралық тауарлар импортының өсуі тиісінше 4,7% және 4,1% болды.

Төлем балансының жақсаруы 27,3%-ға 20,9 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайған тікелей шетелдік инвесторларға төлеуге арналған кірістерді тежеді.

Өзгермелі айырбастау бағамының режимі теңгеге сыртқы факторлардың өзгеруіне ден қоюға мүмкіндік берді. Нәтижесінде 2018 жылы нақты айырбастау бағамының аздап әлсіреуі (2,1% ж/ж) Қазақстанның тауар өндірушілерінің баға жағынан бәсекеге қабілеттілігін қолдады. Жалпы алғанда, ағымдағы оң шот теңгенің номиналдық бағамы нығаяу жағына әлеуеті болатынын көздейді.

Қаржылық шот (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда) алдын ала деректер бойынша 4,5 млрд. АҚШ доллары оң сальдосымен қалыптасты, ол көбінесе резиденттердің сыртқы міндеттемелерінің төмендеуіне байланысты.

Шетелдік тікелей инвестициялардың әкелінуі 9,8%-ға өсіп, 4,1 млрд. АҚШ долларын құрады. Бейрезиденттердің кірістерін Қазақстан кәсіпорындарының капиталына қайта инвестициялау оларды әкелудің негізгі көзіне айналды.

ҚР Ұлттық қоры активтерінің өсуі, сондай-ақ Қазақстанның банктері мен кәсіпорындарының міндеттемелерін өтеуі портфельдік инвестициялар бойынша таза әкетілуге (5,8 млрд. АҚШ доллары) алып келді. Сонымен қоса, ҚР Қаржы министрлігі еурооблигацияларының жаңа шығарылымы 2018 жылғы 4-тоқсанда резиденттер міндеттемелерінің төмендеуін ішінара өтеді.

Резервтік активтер (ҚР Ұлттық қорының активтерін есептемегенде) 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 30,9 млрд. АҚШ доллары болып бағаланды, бұл қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импортының 8,1 айын қаржыландыру қажеттілігін өтейді.



**«Сәлем» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамына  
сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығы берілген  
лицензиясынан айыру туралы**

2019 жылғы 22 ақпан

Алматы қ.

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 55-бабы 1-тармағының 1) және 2-3) тармақшаларымен қарастырылған лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға негіз болған мән-жайлар белгіленген мерзімде жойылмағаны және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген пруденциялық нормативтердің талаптарын және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) сақтамау арқылы көрінген бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 21 ақпандағы № 29 қаулысымен «Сәлем» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандыру ұйымы) «жалпы сақтандыру» саласы бойынша 2018 жылдың 06 қыркүйегінде сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығы берілген № 2.1.54 лицензиясынан (бұдан әрі – Лицензия) 2019 жылғы 22 ақпаннан бастап айырылды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының 2019 жылғы 21 ақпандағы № 116 бұйрығымен уақытша әкімшілік тағайындалды, оған Сақтандыру ұйымының барлық басқару органдарының өкілеттіктері өтті. Сақтандыру ұйымының уақытша әкімшілігі өз қызметін Сақтандыру ұйымының тарату комиссиясы тағайындалғанға дейінгі кезеңде жүзеге асырады.

Сақтандыру ұйымы 2019 жылдың 22 ақпанынан сақтандыру немесе өзге де қызметті жүзеге асыруға құқылы емес, тізбесін уәкілетті орган айқындайтын операцияларды қоспағанда, қолда бар банк шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтатады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі заңмен белгіленген тәртіпте Сақтандыру ұйымының қызметін тоқтату туралы (мәжбүрлеп тоқтату) өтінішпен сотқа жүгінеді. Сақтандыру ұйымын Лицензиядан айыру күнінен бастап кредиторлардың Сақтандыру ұйымына талаптары, Сақтандыру ұйымын ұстауға арналған ағымдағы шығындарға қатысты талаптарды қоспағанда, тарату процесінде ғана ұсынылуы мүмкін.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша уақытша әкімшіліктің басшысы Руслан Сапарғалиұлы Нұрахметовқа +7 (727) 356-26-26 және +7 708 722 03 75 телефондары бойынша өтініш жасауға болады.



## Қаржы нарығындағы ахуал туралы

2019 жылғы 28 ақпан

Алматы қ.

### 1. 2019 жылғы қаңтардағы инфляция және инфляциялық күтулер

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2019 жылғы қаңтарда инфляция 0,5% (2018 жылғы қаңтарда – 0,6%) болды.

Жылдық инфляция 5,2% деңгейде қалыптасты және 2019 жылдың соңында Ұлттық Банктің 4–6% нысаналы дәлізінің ішінде тұр. Инфляцияның құрылымында жылдық көрсеткіш бойынша азық-түлік тауарларының бағасы 5,8%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар және ақылы қызмет көрсету – тиісінше, 6,4%-ға және 3,4%-ға өсті.

2019 жылғы қаңтарда халықтың инфляциялық күтулері төмендеді. Халықтың пікіртерім нәтижелері бойынша инфляцияның бір жылдан кейін күтілетін сандық бағалауы бүкіл пікіртерім кезеңі үшін ең аз шамаға қол жеткізіп, 4,7% болды.

1-график. Инфляция және күтілетін инфляция



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті, GfK Kazakhstan

### 2. 2019 жылғы қаңтардағы халықаралық резервтер және ақша агрегаттары

2019 жылғы қаңтарда Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері алдын ала деректер бойынша 30,6 млрд. АҚШ долларына дейін 1,1%-ға немесе 334,7 млн. АҚШ долларына төмендеді.

Жалпы алғанда, елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (58,2 млрд. АҚШ долл) қоса алғанда, 2019 жылғы қаңтардың соңында 88,8 млрд. АҚШ долл болды.

Банктердің және басқа да ұйымдардың Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтарының төмендеуі, Ұлттық қордың активтерін толықтыру және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялар Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуімен бейтараптандырылды.

Ақша базасы 2019 жылғы қаңтарда 5,0%-ға кеңейді және 6 984,0 млрд. теңге болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 7 596,7 млрд. теңгеге дейін 5,3%-ға кеңейді.


2019 жылғы қаңтарда ақша массасы алдын ала деректер бойынша 2,9%-ға ұлғайып, 21 412,1 млрд. теңге болды, айналыстағы қолма-қол ақша көлемі 2 170,0 млрд. теңгеге дейін 4,0%-ға төмендеді.



### 3. Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты саласындағы операциялары

Ұлттық Банктің 2019 жылғы 14 қаңтардағы шешімімен базалық мөлшерлеме +/-1%-дық<sup>1</sup> дәлізбен жылдық 9,25% деңгейінде сақталды.

2-график. Базалық мөлшерлеменің және оның пайыздық дәлізінің серпіні



**Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары.** 2019 жылғы қаңтардың соңында айналыстағы ноттардың көлемі жылдың басынан бастап 8,6%-ға ұлғайып, 3 823,8 млрд. теңгені құрады.

Қысқа мерзімді ноттар эмиссиясының көлемі 2019 жылғы қаңтарда 7 824,3 млрд. теңге болды. 27 аукцион, оның ішінде 7 027,8 млрд. теңге сомаға 7 күндік ноттарды орналастыру бойынша 20 аукцион, 635,4 млрд. теңге сомаға 1 айлық ноттарды орналастыру бойынша 4 аукцион, 52 млрд. теңге сомаға 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион, 63,0 млрд. теңге сомаға 6 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион және 46,1 млрд. теңге сомаға 1 жылдық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион өткізілді.

Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын өтеу көлемі 2019 жылғы қаңтарда 7 671,3 млрд. теңгені құрады.

Орташа алынған кірістілік орналастырылған 7 күндік ноттар бойынша 8,82%, 1 айлық ноттар бойынша – 8,85%, 3 айлық ноттар бойынша – 8,82%, 6 айлық ноттар бойынша – 8,90% және 1 жылдық ноттар бойынша – 9,03% болды.

**Тұрақты қолжетімді ақша-кредит саясатының құралдары.** 2019 жылғы қаңтардың соңында Ұлттық Банктің ашық позициясының көлемі тікелей РЕПО операциялары бойынша 258,7 млрд. теңге, Ұлттық Банктегі банктік депозиттер көлемі 502,8 млрд. теңге болды.

**Ұлттық Банктің ақша нарығындағы операцияларының теріс сальдосы** (Ұлттық Банктің ашық позициясы) ашық нарықтағы операциялар бойынша және тұрақты қолжетімді құралдар бойынша бір айда 284,8 млрд. теңгеге ұлғайды және 2019 жылғы қаңтардың соңындағы жағдай бойынша 3,3 трлн. теңге болды.

Ақша нарығында ақша-кредит саясатының операцияларын жүргізу кезінде таргеттелетін (нысаналы) мөлшерлеме болып табылатын TONIA индикаторы<sup>2</sup> 2019 жылғы қаңтарда Ұлттық Банктің басым түрде базалық мөлшерлемесінің пайыздық дәлізінің төменгі шегі деңгейінде қалыптасты. Қаңтарда TONIA-ның орташа алынған мәні жылдық 8,26% (2018 жылғы желтоқсанда – 8,35%) болды.


<sup>1</sup> Бірмезгілде ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі ұқсас деңгейде (9,25%) сақталды.

<sup>2</sup> Биржада МБҚ-мен автоматты РЕПО секторында жасалған, РЕПО-ны мерзімі бір жұмыс күніне ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме





3-график. Таргеттелетін индикатордың серпіні, %




**Кірістілік қисығын қалыптастыру.** 2019 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 115,9 млрд. теңгеге мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруды жүзеге асырды. 4 аукцион өткізілді, оларда 13 жылдық, 15 жылдық, 18 жылдық және 20 жылдық МЕУКАМ орналастырылды. Олар бойынша орташа алынған кірістілік жылдық 8,60% – 8,82% аралығында болды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕУКАМ) орналастыру нәтижесінде 2019 жылғы қаңтардың соңында 7 330 млрд. теңгеге дейін (2018 жылғы желтоқсанның соңындағы көлеммен салыстырғанда 1,6%-ға) ұлғайды.

2019 жылғы қаңтарда кірістілік қисығы неғұрлым ұзақ мерзімді құралдардың кірістілігімен салыстырғанда қысқа мерзімді қазынашылық облигациялардың ұлғаюы нәтижесінде инверсиялық қалыпты сақтады. Сонымен қатар, кірістілік қисығы жоғары қарай ығысты, бұл құралдардың барлық түрі бойынша кірістіліктердің көтерілгенін растайды.

4-график. Кірістіліктің тәуекелсіз қисығының өзгеруі



#### 4. 2019 жылғы қаңтардағы валюта нарығы

2019 жылғы қаңтарда теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 373,66–381,38 теңге аралығында өзгерді. 2018 жылғы қаңтардың соңында теңгенің АҚШ долларына қатысты биржалық бағамы бір айда 1,1%-ға нығайып, бір АҚШ доллары үшін 380,06 теңге болды.


KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялардың жалпы көлемі бір айда 12,3 млрд. АҚШ доллары (бір айда 5,3%-ға ұлғаю), оның ішінде Қазақстан қор биржасындағы биржалық сауда-саттықтардың көлемі – 2,0 млрд. АҚШ доллары (28,1%-ға азаю), биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі – 10,3 млрд. АҚШ доллары (15,9%-ға ұлғаю) болды. Бір еншілес банктің валюталық тәуекелдерден меншікті капиталды хеджирлеумен байланысты



операцияларының көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда 15,0%-ға ұлғайып, 7,2 млрд. АҚШ долларын құрады. Бұл ретте, олардың биржадан тыс сауда-саттықтардың жалпы көлемінен үлесі 69,6%-ды құрады (2018 жылғы желтоқсанда 70,1%). Аталған операция ішкі валюта нарығындағы шетел валютасына сұраныс немесе ұсыныс көлеміне әсер етпейді.

2019 жылғы қаңтарда халық нетто-негізде 142,8 млрд. теңгеге барабар сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды. Шығыстардың негізгі көлемі АҚШ долларын – 66,4% немесе 94,8 млрд. теңге, Ресей рублін – 22,8% немесе 32,5 млрд. теңге, еуро – 10,4% немесе 14,9 млрд. теңге сатып алуға бағытталды. Алдыңғы аймен салыстырғанда аталған шығыстар 36,1%-ға азайды (2018 жылғы тамыздың ең жоғары мәнімен салыстырғанда – төмендеу 2,4 есе), бұл халықтың шетел валютасына деген маусымдық сұранысының азаюына байланысты болды. Валюта түрлеріне бөлгенде Ресей рублін сатып алуға шығыстар – 53,2%-ға, еуро – 39,4%-ға, АҚШ долларын сатып алуға шығыстар 26,4%-ға азайды.

5-график. Айырбастау пункттерінің қолма-қол шетел валютасын нетто-сату серпіні, млрд. теңге



## 5. 2019 жылғы қаңтардың соңындағы жағдай бойынша депозит нарығы

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің көлемі 2019 жылғы қаңтардың соңында алдыңғы аймен салыстырғанда 3,7%-ға ұлғая отырып, 19 242,1 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың депозиттері 10 717,4 млрд. теңгеге дейін 8,3%-ға өсті, жеке тұлғалардың депозиттері 8 524,7 млрд. теңгеге дейін 1,5%-ға төмендеді.

Ұлттық валютамен депозиттердің көлемі бір айда 10 706,2 млрд. теңгеге дейін 11,9%-ға өсті, шетел валютасында 8 535,9 млрд. теңгеге дейін 5,0%-ға төмендеді. Долларлану деңгейі 2019 жылғы қаңтардың соңында 44,4%-ды (2018 жылғы желтоқсанда – 48,4%-ды) құрады.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютамен депозиттері 2019 жылғы қаңтарда 6 095,6 млрд. теңгеге дейін 21,5%-ға ұлғайды, шетел валютасында 4 621,8 млрд. теңгеге дейін 15,3%-ға азайды (заңды тұлғалардың депозиттерінің 43,1%-ы).

Жеке тұлғалардың теңгемен депозиттері 4 610,7 млрд. теңгеге дейін 1,3%-ға ұлғайды, шетел валютасында 3 914,0 млрд. теңгеге дейін 4,7%-ға азайды (жеке тұлғалардың депозиттерінің 45,9%-ы).

Мерзімді депозиттердің көлемі бір айда 4,3%-ға қысқарып, 12 033,1 млрд. теңгені құрады. Олардың құрылымындағы ұлттық валютамен салымдар 6 464,0 млрд. теңгені, шетел валютасымен – 5 569,1 млрд. теңгені құрады.


Банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютамен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 7,1%-ды (2018 жылғы желтоқсанда да 7,1%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 10,2%-ды (10,4%) құрады.



## 6. 2019 жылғы қаңтардың соңындағы жағдай бойынша кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеу көлемі 2019 жылғы қаңтардың соңында 12 470 млрд. теңгені құрады (бір айда 4,7%-ға төмендеу). Заңды тұлғаларға кредиттердің көлемі 7 150,9 млрд. теңгеге дейін 8,2%-ға азайды, ал жеке тұлғаларға кредиттер көлемі 5 319,1 млрд. теңгеге дейін 0,3%-ға ұлғайды.

6-график. Экономиканы кредиттеу көлемінің серпіні



Қайта құрылымдауды бастан өткеріп жатқан және лицензиядан айырылған банктердің кредиттік портфелін есепке алмағанда, экономиканы кредиттеудің жылдық өсуі 11,4%-ды немесе 1,2 трлн. теңгені құрайды.

Ұлттық валютамен кредиттердің көлемі бір айда 9 899,5 млрд. теңгеге дейін 1,9%-ға азайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға кредиттер 4,5%-ға азайды, ал жеке тұлғаларға кредиттер 0,5%-ға ұлғайды. Шетел валютасымен кредиттердің көлемі 2 570,5 млрд. теңгеге дейін 14,2%-ға азайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға кредиттер 14,7%-ға азайды, ал жеке тұлғаларға кредиттер 6,4%-ға азайды. Теңгемен кредиттердің үлес салмағы 2019 жылғы қаңтардың соңында 79,4%-ды құрады (2018 жылғы желтоқсанда – 77,1%).

Ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі бір айда 10 582,7 млрд. теңгеге дейін 4,7%-ға азайды, ал қысқа мерзімді кредиттердің көлемі 1 887,3 млрд. теңгеге дейін 5,0%-ға ұлғайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу бір айда 7,5%-ға (2 185,9 млрд. теңгеге дейін немесе экономикаға кредиттердің жалпы көлемінен 17,5%) азайды.

Салалар бойынша бөлінген банктердің экономикаға кредиттерінің ең қомақты сомасы өнеркәсіп (жалпы көлемдегі үлесі – 15,6%), сауда (13,4%), құрылыс (5,9%), көлік (4,0%) және ауыл шаруашылығы (1,8%) сияқты салаларға тиесілі.

2019 жылғы қаңтарда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 12,4% (2018 жылғы желтоқсанда – 11,7%), жеке тұлғаларға – 18,4% (17,2%) болды.

## 7. 2018 жылғы төлем жүйелері

2019 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 20 төлем жүйесі, оның ішінде Ұлттық Банктің төлем жүйелері, ақша аудару жүйелері, төлем карточкаларының жүйелері жұмыс істейді.

2019 жылғы қаңтарда Ұлттық Банктің төлем жүйелері (Банкаралық ақша аудару жүйесі мен Банкаралық клиринг жүйесі) арқылы 83,5 трлн. теңге сомаға 2,9 млн. транзакция жүргізілді (2018 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда төлемдердің саны мен сомасы тиісінше 5,5%-ға және 15,7%-ға ұлғайды). Орташа алғанда, бір күн ішінде аталған төлем жүйелері арқылы 4,2 трлн. теңге сомаға 146,4 мың транзакция жүргізілді.



2019 жылғы қаңтарда Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операцияларының көлемі 1,9 трлн. теңге сомаға 95,4 млн. транзакцияны құрады (2018 жылғы қаңтармен салыстырғанда транзакциялардың саны екі есеге ұлғайды, сомасы 55,3%-ға өсті). Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операцияларының жалпы құрылымында қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер санының үлесі 69,7%-ға дейін (2018 жылғы қаңтарда – 61,8%) өсті, қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер көлемінің үлесі 35,7%-ға дейін (28,3%) ұлғайды.

2019 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында төлем карточкаларының шығарылымын 22 банк пен «Қазпочта» АҚ жүзеге асырды, эмиссияланған және таратылған төлем карточкаларының жалпы саны 23,7 млн. бірлік болды. 2019 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету желісі төмендегідей: 10,9 мың банкомат, 137,0 мың POS-терминал. 2019 жылғы 1 ақпанда Қазақстанда төлем жасауға төлем карточкаларын қабылдайтын 83,8 мың сауда кәсіпорны жұмыс істеді.

2019 жылғы қаңтарда халықаралық ақша аудару жүйелері арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы көлемі 40,2 млрд. теңге сомаға 0,2 млн. аударымды құрады. 2018 жылғы қаңтармен салыстырғанда ақша аударымдары көлемінің өсуі 1,4%-ды құрады. Қазақстаннан тыс жерлерге жөнелтілген аударымдардың жалпы көлемінен транзакциялардың жалпы санынан 96,4% (0,2 млн. транзакция) және жалпы сомасынан 94,3% (37,9 млрд. теңге) жіберілді. Қазақстан бойынша ақша аударымы жүйелері арқылы ақша аударымдарының жалпы санынан 3,6% (0,01 млн. транзакция) және жалпы сомасынан 5,7% (2,3 млрд. теңге) жүргізілді. Шетелден халықаралық ақша аударымдары жүйелері арқылы 28,7 млрд. теңге сомаға 0,1 млн. транзакция алынды.

## 8. 2019 жылғы қаңтардағы банк секторы

2019 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 28 банк жұмыс істейді.

Банк секторының жиынтық активтері 2019 жылғы 1 ақпанда 25 213,6 млрд. теңгені (2019 жылдың басынан бері азаю 0,1%) құрады. Активтердің құрылымында ең көп үлес кредиттерге – 48,2%, бағалы қағаздар портфеліне – 20,8%, қолма-қол ақша, аффинирленген бағалы металдар мен корреспонденттік шоттарға – 13,6% тиесілі.

90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттер (NPL) 1 068,2 млрд. теңгені немесе несие портфелінің 8,1%-ын құрады.

Несие портфелі бойынша провизиялар 1 887,6 млрд. теңге немесе несие портфелінің 14,4%-ы (2019 жылдың басында – 1 776,6 млрд. теңге немесе 12,9%) мөлшерінде қалыптасты.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2019 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 22 093,7 млрд. теңгені (2019 жылдың басынан бастап 0,6%-ға азаю) құрады. Банктер міндеттемелерінің құрылымында ең жоғары үлесті клиенттердің салымдары – 77,1%-ды, айналысқа шығарылған бағалы қағаздар – 7,6%-ды, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар – 4,0%-ды иеленеді.

Жиынтық міндеттемелерде банктердің Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелері 2019 жылдың басымен салыстырғанда 6,24%-дан 3,22%-ға дейін немесе 1 328,0 млрд. теңгеге төмендеді.

2019 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық меншікті капиталы 2019 жылғы қаңтарда 3,2%-ға ұлғайып, 3 119,9 млрд. теңге болды.

Таза пайда (табыс салығын төлегеннен кейін ағымдағы кірістердің ағымдағы шығыстардан асуы) 104,7 млрд. теңгені құрады.

Екінші деңгейдегі банктердің таза пайыздық маржасы және пайыздық сұрамы 2019 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша тиісінше 5,0% және 3,9% болды.



## 9. 2019 жылғы қаңтардағы сақтандыру секторы

2019 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша сақтандыру секторында 28 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жұмыс істейді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2019 жылғы 1 ақпанда 1080,0 млрд. теңге (жылдың басынан бері 3,0%-ға өсті) болды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері жыл басынан бері 608,9 млрд. теңгеге дейін 4,9%-ға ұлғайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі жыл басынан бері 548,4 млрд. теңгеге дейін 5,6%-ға өсті.

Меншікті капитал 471,1 млрд. теңге (жыл басынан бері 0,6%-ға өсті) болды.

Сақтандыру сыйлықақылары 2019 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 2018 жылғы ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда 64,5 млрд. теңгеге дейін 40,8%-ға ұлғайды, олардың ішінде тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 58,6 млрд. теңге болды.

2019 жылғы қаңтардың қорытындысы бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары 2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 8,6 млрд. теңгеге дейін 82,4%-ға ұлғайды. Жиынтық сақтандыру сыйлықақыларында «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 2018 жылғы 1 ақпандағы 10,3%-бен салыстырғанда 13,3% болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 18,5 млрд. теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 28,7%-ын құрады. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының 17,5%-ы Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға берілді.

2019 жылдың басынан бастап жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі (қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде) 6,3 млрд. теңге болды, ол 2018 жылдың ұқсас кезеңінен 19,6%-ға көп.

## 10. 2019 жылғы қаңтардағы зейнетақы жүйесі

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2019 жылғы қаңтарда 54,7 млрд. теңгеге (0,6%) ұлғайып, 2019 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 9 432,4 млрд. теңгені құрады.

2019 жылғы 1 ақпанда 3 707,4 млрд. теңге болған зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» кіріс 2019 жылғы қаңтарда 15,4 млрд. теңгеге ұлғайды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының саны (зейнетақы жинақтары жоқ ЖЗШ-ны есептегенде) 2019 жылғы 1 ақпанда 9,9 млн. шотты құрады.

2019 жылғы қаңтарда зейнетақы төлемдерінің сомасы 31,5 млрд. теңгені құрады.

2019 жылғы 1 ақпанда БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесі, бұрынғыша, ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарына және ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздарына (зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің тиісінше 43,3%-ы және 29,2%-ы) тиесілі.

## 11. Экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына жүргізілген 2018 жылғы 4-тоқсандағы мониторинг нәтижелері туралы

Экономиканың нақты секторындағы 2018 жылғы 4-тоқсандағы ахуалды бағалау мақсатында 2019 жылғы қаңтарда кәсіпорындарға кезекті мониторинг жүргізілді. Ел экономикасының негізгі салаларын көрсететін мониторингке қатысушы кәсіпорындардың саны 3 150 болды,



оның ішінде орта және ірі кәсіпорындар – 1 565. Кәсіпорындар мониторингінің нәтижелері экономиканың нақты секторындағы оң үрдістердің сақталуын көрсетіп отыр, олар алдыңғы тоқсанда да байқалды.

2018 жылғы 4-тоқсанда жалпы алғанда нақты сектор бойынша дайын өнімге сұраныс ұлғайды, диффузиялық индекс (ДИ) 51,9 болды. Тауар өндіру секторында сұраныс (ДИ=53,0) қызмет көрсету секторына қарағанда жоғары деңгейде қалыптасты, қызмет көрсету секторында ол іс жүзінде өзгерген жоқ (ДИ=50,8). Дайын өнімге бағаның өсу қарқыны өткен тоқсанмен салыстырғанда аздап төмендеді (ДИ 57,0-ден 56,3-ке дейін төмендеді), сондай-ақ шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқынының баяулағаны байқалды (ДИ=73,3-тен 72,0-ге дейін төмендеді).

2019 жылғы 1-тоқсанда кәсіпорындардың күтулері бойынша дайын өнімге сұраныстың өсуі (ДИ=56,8) өсуде, ал дайын өнім бағасының өсу қарқыны өзгеріссіз қалды (ДИ=56,3). Шикізат пен материалдардың бағасы өсу қарқынының шамалы төмендеуіне қарамастан қалыпты жоғары деңгейде қалады (ДИ= 66,5).

2018 жылғы 4-тоқсанда инвестициялық белсенділік айтарлықтай өзгерген жоқ. Көптеген кәсіпорын меншікті қаражат есебінен негізгі және айналым қаражатын қаржыландырады (тиісінше 65,2% және 83,0%). Негізгі құрал-жабдықтарды қаржыландыру үшін банктік қарыздарды пікіртерім жасалған кәсіпорындардың 6,8%-ы, айналым қаражатын қаржыландыру үшін кәсіпорындардың 15,7%-ы пайдаланды.

Кредит және бұрын ашылған кредит желісі арқылы кезекті транш алған кәсіпорындардың үлесі 2018 жылғы 3-тоқсандағы 17,7%-дан 2018 жылғы 4-тоқсанда 18,1%-ға шамалы ұлғайды. Банктердің кредиттері бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) берешегі бар кәсіпорындардың үлесі 2,7%-ды құрады. 2019 жылғы 1-тоқсанда кредит алу үшін 15,6% кәсіпорынның өтініш беруге ниеті бар.

Теңгемен (13,1%-дан 12,8%-ға дейін), сол сияқты шетел валютасымен (7,3%-дан 6,7%-ға дейін) кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме деңгейі төмендеді.



Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде 2018 жылы 14 қыркүйекте  
№ 17369 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2018 жылғы 29 маусым

№ 138

### **«Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10117 болып тіркелген, 2015 жылғы 19 наурызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 52 (28530) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) осы қаулының 8-қосымшасына сәйкес репо, кері репо операциялары туралы есептің нысаны;»;

мынадай мазмұндағы 11-2) тармақшамен толықтырылсын:

«11-2) осы қаулыға 11-2-қосымшаға сәйкес ипотекалық ұйымдардың баланстық және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар туралы есептің нысаны;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық форматта осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 10), 11) және 11-2) тармақшаларында көзделген есептілікті ұсынады.»;

1-қосымшаға сәйкес Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесі мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) ипотекалық ұйымдардың баланстық және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар туралы есеп.»;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдардың, корреспонденттік және ағымдағы шоттардың талдамасы туралы есеп осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;



3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген қарыздар туралы есеп осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша активтердің және шартты міндеттемелердің, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) құрылымы туралы есеп осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыздар, оның ішінде жан-жақты көрсетілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтер (провизиялар) мөлшері туралы есеп осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы есеп осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша репо, кері репо операциялары туралы есеп осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салымдар мен ағымдағы, корреспонденттік шоттар туралы есеп осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есеп осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйыммен ерекше қатынаста байланысқан тұлғалармен бір ай ішінде жасалған, сондай-ақ есепті күнге қолданылатын мәмілелер туралы есеп осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

11-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметінің айрықша түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаның активтерінің, міндеттемелерінің құрылымы және капиталы, кірістері мен шығыстары туралы есеп осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес редакциядағы 11-2-қосымшамен толықтырылсын;

12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидалары осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Зерттеулер және статистика департаменті (Тутушкин В.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.





4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитетінің Төрағасы  
Н. Айдапкелов  
2018 жылғы 12 қыркүйек



Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы 29 маусымдағы  
№ 138 қаулысына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2014 жылғы 24 қыркүйектегі  
№ 178 қаулысына  
2-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**  
**Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдардың, корреспонденттік және**  
**ағымдағы шоттардың талдамасы туралы есеп**  
**Есепті кезең: 20\_\_ жылғы «\_\_» «\_\_\_\_\_» жағдай бойынша**

Индекс: ФС\_РВ

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: ипотекалық ұйым, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымы және Ұлттық почта операторы

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі:

ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей;

Ұлттық почта операторы – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей.



## Нысан

(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның толық атауы)  
(мың теңгемен)

№	Салым орналастырылған және (немесе) корреспонденттік және (немесе) ағымдағы шот ашылған банктің атауы	Елі	Сомасы	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құрылған резервтер (провизиялар) мөлшері
1	2	3	4	5
1	Корреспонденттік шоттар			
1.1.				
...				
2	Ағымдағы шоттар			
2.1.				
...				
3	Талап етуге дейінгі салымдар			
3.1.				
...				
4	Мерзімді салымдар			
4.1.				
...				
5	Шартты салымдар			
5.1.				
...				
	Барлығы			

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға ол уәкілеттік берген адам

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) \_\_\_\_\_ қолы

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға ол уәкілеттік берген адам

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) \_\_\_\_\_ қолы

Орындаушы

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) \_\_\_\_\_ қолы

Телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

Есепке қол қойылған күн 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



**Екінші деңгейдегі банктерде  
орналастырылған салымдардың,  
корреспонденттік және ағымдағы шоттардың  
талдамасы туралы есеп нысанына  
қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

**Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдардың, корреспонденттік  
және ағымдағы шоттардың талдамасы туралы есеп**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған салымдардың, корреспонденттік және ағымдағы шоттардың талдамасы туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ипотекалық ұйымдар, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары және Ұлттық почта операторы ай сайын жасайды.

4. Нысан есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасалады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңге тең және одан жоғары сома бір мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. 4-бағанда есептелген сыйақы және дисконт/сыйлықақы ескеріле отырып негізгі борыштың сомасы көрсетіледі.

7. Резервтердің (провизиялардың) сомасы абсолюттік мәнде және қосу белгісімен көрсетіледі.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



**Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы 29 маусымдағы  
№ 138 қаулысына  
2-қосымша**

**Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2014 жылғы 24 қыркүйектегі  
№ 178 қаулысына  
3-қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан  
Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп  
Есепті кезең: 20\_\_ жылғы «\_\_» «\_\_\_\_\_» жағдай бойынша**

Индекс: ФС\_ССЦБ

Кезеңділігі: ай сайын, тоқсан сайын

Ұсынатындар: ипотекалық ұйым, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымы және Ұлттық почта операторы

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі:

ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары – ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей;

Ұлттық почта операторы – тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесінші күнінен кешіктірмей.



(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның толық атауы)

№/п	Эмитенттің атауы	Эмитент-елдің атауы	Бағалы қағаздың түрі	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі, халықаралық сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздардың саны (данасы)			Бағалы қағаздың номиналдық/сатып алу құны (мың теңгемен)	Номиналдық құнның валютасы
					Барлығы	оның ішінде ауыртпалық салынған бағалы қағаздар	оның ішінде репоға берілген бағалы қағаздар		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде:								
1.1.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары								
1.2.	жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары								
1.3.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары								



1.4.																						
1.п.																						
2	Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары																					
2.1.	Екінші деңгейдегі банктер																					
2.1.1.																						
2.1.п.																						
2.2.	Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалар																					
2.2.1.																						
2.2.п.																						
2.3.	Қазақстанның «Даму Банкі» акционерлік қоғамының облигациялары																					
2.3.1.																						
2.3.п.																						
3	Шет мемлекеттердің бағалы қағаздары																					
3.1.																						
3.п.																						



4	Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары																				
4.1.	Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің қаржы ұйымдары																				
4.1.1.																					
4.1.n.																					
4.2.	Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің қаржылық емес ұйымдары																				
4.2.1.																					
4.2.n.																					
5	Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары																				
5.1.																					
5.n.																					
6	Исламдық бағалы қағаздар																				
6.1.																					
6.n.																					
	Бағалы қағаздар портфелінің жиынтығы																				





кестенің жалғасы:

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар		Анықтама үшін: Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша зиянды өтеуге арналған резервтер (провизиялар)	
Баланстық құны (нетто), мың теңгемен		оның ішінде репо шарттарымен ауыртпалық салынған бағалы қағаздар	
Сатып алу құны	Дисконт, сыйлықақы	Есептелген сыйақы	Оң/теріс түзету
11	12	13	14
			15
			16

кестенің жалғасы:

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар			
Баланстық құны (нетто), мың теңгемен			
Сатып алу құны	Дисконт, сыйлықақы	Есептелген сыйақы	Оң/теріс түзету
17	18	19	20
			21

кестенің жалғасы:

Амортизациялық құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар		Ауыртпалық салынған бағалы қағаздар бойынша міндеттемелер, мың теңгемен	
Баланстық құны (нетто), мың теңгемен		оның ішінде репо шарттарымен ауыртпалық салынған бағалы қағаздар	
Сатып алу құны	Дисконт, сыйлықақы	Есептелген сыйақы	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) мөлшері
22	23	24	25
			26
			27
			28



кестенің жалғасы:

Сатып алу күні	Өтеу күні	Сату болжанған күні	Қор биржасы тізімінің санаты	Рейтинг		
				Эмитенттің, есепті күнгі	Бағалы қағаздың, сатып алу күнгі	Бағалы қағаздың, есепті күнгі
29	30	31	32	33	34	
					35	

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға ол уәкілеттік берген адам

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) \_\_\_\_\_ қолы

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға ол уәкілеттік берген адам

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) \_\_\_\_\_ қолы

Орындаушы

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) \_\_\_\_\_ қолы

телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

Есепке қол қойылған күн 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



## Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп нысанына қосымша

### Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

#### Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп

##### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды:

1) ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары – ай сайын;

2) Ұлттық почта операторы – тоқсан сайын жасайды.

4. Нысан есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасалады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңге тең және одан жоғары сома бір мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттік берілген адамдар және орындаушы қол қояды.

##### 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысанда бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы ақпарат олардың санаттары бойынша қамтылған:

5611	Кассалық операциялар бойынша қызметтер үшін комиссиялық шығыстар	
5700	Қайта бағалаудан болған шығыстар	
5703	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар	
5704	Аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс	
5705	Қарыздардың валюталық баламасын белгілей отырып, теңгедегі қарыздарды қайта бағалаудан болған шығыс	
5708	Салымдардың валюталық баламасын белгілей отырып, теңгедегі салымдарды қайта бағалаудан болған шығыс	
5709	Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздардың құнының өзгеруінен іске асырылмаған шығыс	
5710	Басқа да қайта бағалаудан болған іске асырылмаған шығыс	
5711	Негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануынан болған шығыстар	
5712	Материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған шығыстар	
5713	Басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына салынған инвестициялардың құнсыздануынан болған шығыстар	
5714	Гудвилдің құнсыздануынан болған шығыстар	
5715	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануынан болған шығыстар	
5720	Еңбекке ақы төлеу және міндетті аударымдар бойынша шығыстар	
5721	Еңбекке ақы төлеу бойынша шығыстар	
5722	Әлеуметтік аударымдар	
5729	Басқа да төлемдер	
5730	Қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар	
5732	Аффинирленген бағалы металдарды қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар	
5733	Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы және басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздардың құнының өзгеруінен болған іске асырылған шығыстар	
5734	Басқа да қайта бағалаудан болған іске асырылған шығыстар	
5740	Жалпы шаруашылық шығыстары	
5741	Көлік шығыстары	
5742	Әкімшілік шығыстар	
5743	Инкассациялауға шығыстар	
5744	Жөндеуге шығыстар	
5745	Жарнамаға шығыстар	
5746	Күзетке және дабылға шығыстар	
5747	Өкілдік шығыстар	
5748	Басқа да жалпы шаруашылық шығыстары	
5749	Қызметтік іссапарларға шығыстар	
5750	Аудит және консультациялық қызмет көрсетулер бойынша шығыстар	
5752	Сақтандыру бойынша шығыстар	



5753	Байланыс қызметі бойынша шығыстар	
5754	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамына жарналар түріндегі шығыстар	
5760	Корпоративтік табыс салығын қоспағанда, салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер	
5761	Қосылған құн салығы	
5763	Әлеуметтік салық	
5764	Жер салығы	
5765	Заңды тұлғалардың мүлік салығы	
5766	Көлік құралдары салығы	
5767	Аукциондардан алынатын алым	
5768	Басқа да салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер	
5780	Амортизациялық аударымдар	
5781	Үйлер және ғимараттар бойынша амортизациялық аударымдар	
5782	Компьютерлік жабдық бойынша амортизациялық аударымдар	
5783	Басқа да негізгі құралдар бойынша амортизациялық аударымдар	
5784	Қаржы лизингі бойынша алынған негізгі құралдар бойынша амортизациялық аударымдар	
5785	Жалға беруге арналған негізгі құралдар бойынша амортизациялық аударымдар	
5786	Жалға алынған үйлердің күрделі шығындары бойынша амортизациялық аударымдар	
5787	Көлік құралдары бойынша амортизациялық аударымдар	
5788	Материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдар	
5850	Сатудан болған шығыстар	
5851	Еншілес және қауымдасқан ұйымдардың акцияларын сатудан болған шығыстар	
5852	Негізгі құрал-жабдықтарды және материалдық емес активтерді сатудан болған шығыстар	
5853	Негізгі құрал-жабдықтарды және материалдық емес активтерді өтеусіз беруден болған шығыстар	
5854	Қорларды сатудан болған шығыстар	
5856	Басқа да инвестицияларды іске асырудан болған шығыстар	
5857	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерді іске асырудан болған шығыстар	
5870	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталға қатысу үлесінің өзгеруіне байланысты шығыстар	
5871	Еншілес ұйымдардың жарғылық капиталында қатысу үлесінің өзгеруіне байланысты шығыстар	
5872	Қауымдасқан ұйымдардың жарғылық капиталында қатысу үлесінің өзгеруіне байланысты шығыстар	
5890	Туынды қаржы құралдарымен жүргізілген операциялар бойынша шығыстар	
5891	Фьючерс операциялары бойынша шығыстар	
5892	Форвард операциялары бойынша шығыстар	
5893	Опцион операциялары бойынша шығыстар	
5895	Своп операциялары бойынша шығыстар	



5896	Басқа да туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша шығыстар	
5897	Туынды қаржы құралдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	
5900	Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)	
5900	Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)	
5920	Басқа да шығыстар	
5921	Банк қызметінен болатын басқа да шығыстар	
5922	Негізгі емес қызметтен болатын басқа да шығыстар	
5923	Жалдау бойынша шығыстар	
5924	Акцепттерден болған шығыстар	
5925	Алынған кепілдіктер бойынша шығыстар	
5926	Артықшылықты акциялар бойынша шығыстар	
5999	Корпоративтік табыс салығы	
5999	Корпоративтік табыс салығы	
6	<b>ШАРТТЫ ЖӘНЕ ЫҚТИМАЛ ТАЛАПТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ</b>	
6000	Аккредитивтер бойынша шоттар	
6005	Шығарылған жабылмаған аккредитивтер бойынша ықтимал талаптар	
6010	Расталған өтелмеген аккредитивтер бойынша ықтимал талаптар	
6020	Шығарылған өтелген аккредитивтер бойынша ықтимал талаптар	
6025	Расталған өтелген аккредитивтер бойынша ықтимал талаптар	
6030	Бенефициар банктің өтелмеген аккредитивтер бойынша ықтимал талаптары	
6040	Рамбурстаушы банктің эмитент банкке қоятын ықтимал талаптары	
6040	Рамбурстаушы банктің эмитент банкке қоятын ықтимал талаптары	
6050	Кепілдіктер бойынша шоттар	
6055	Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал талаптар	
6075	Қабылданған кепілдіктер бойынша ықтимал талаптар	
6080	Форфейтинг операциялары бойынша борышкерге қойылатын талаптар	
6080	Форфейтинг операциялары бойынша борышкерге қойылатын талаптар	
6100	Болашақта салымдар және қарыздар орналастыру бойынша шоттар	
6105	Орналастырылатын салымдар бойынша болашақта қойылатын талаптар	
6125	Болашақта берілетін, қайтарып алынбайтын қарыздар бойынша шартты талаптар	
6126	Болашақта берілетін, қайтарып алынатын қарыздар бойынша шартты талаптар	
6130	Клиенттердің жылжымайтын салымдары бойынша шоттар	
6130	Клиенттердің жылжымайтын салымдары	
6150	Болашақта салымдар және қарыздар алу бойынша шоттар	
6155	Болашақта салымдар алу бойынша шартты талаптар	
6175	Болашақта қарыздар алу бойынша шартты талаптар	
6177	Берілген қарыздар бойынша шартты талаптар	





6180	Вексельдер бойынша ықтимал талаптар	
6180	Вексельдер бойынша ықтимал талаптар	
6200	Бағалы қағаздар сатып алу бойынша және өзге туынды қаржы құралдары бойынша шоттар	
6205	Бағалы қағаздар сатып алу бойынша шартты талаптар	
6210	Фьючерс операциялары бойынша шартты талаптар	
6225	Сатып алынған опцион операциялары – «колл/пут» бойынша шартты талаптар	
6230	Болашақ сыйақы туралы сатып алынған келісім – қарсы шот	
6240	Пайыздық своп	
6300	Бағалы қағаздарды сату бойынша және өзге туынды қаржы құралдары бойынша шоттар	
6305	Бағалы қағаздарды сату бойынша шартты талаптар	
6325	Сатылған опцион операциялары – «колл-пут» бойынша шартты талаптар – контршот	
6330	Болашақ сыйақы туралы іске асырылған келісім	
6350	Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар	
6400	Валюталық құндылықтарды сатып алу-сату бойынша шоттар	
6405	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар	
6415	Афинирленген бағалы металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптар	
6500	Аккредитивтер бойынша шоттар	
6505	Шығарылған жабылмаған аккредитивтер бойынша ықтимал міндеттемелер	
6510	Расталған өтелмеген аккредитивтер бойынша ықтимал міндеттемелер	
6520	Шығарылған өтелмеген аккредитивтер бойынша ықтимал міндеттемелер	
6525	Расталған өтелген аккредитивтер бойынша ықтимал міндеттемелер	
6530	Бенефициар банктің өтелмеген аккредитивтер бойынша ықтимал міндеттемелері	
6540	Рамбурстау бойынша ықтимал міндеттемелер	
6540	Рамбурстау бойынша ықтимал міндеттемелер	
6550	Кепілдіктер бойынша шоттар	
6555	Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал міндеттемелер	
6575	Қабылданған кепілдіктер бойынша талаптардың ықтимал азаюы	
6580	Форфейтинг операциялары бойынша міндеттемелер	
6580	Форфейтинг операциялары бойынша міндеттемелер	
6600	Болашақта салымдар және қарыздар орналастыру бойынша шоттар	
6605	Болашақта салымдар орналастыру бойынша шартты міндеттемелер	
6625	Болашақта берілетін, қайтарып алынбайтын қарыздар бойынша шартты міндеттемелер	
6626	Болашақта берілетін, қайтарып алынатын қарыздар бойынша шартты міндеттемелер	
6630	Клиенттердің жылжымайтын салымдары бойынша міндеттемелер	
6630	Клиенттердің жылжымайтын салымдары бойынша міндеттемелер	



6650	Болашақта салымдар және қарыздар алу бойынша шоттар	
6655	Алынатын салымдар бойынша болашақ міндеттемелер	
6675	Алынатын қарыздар бойынша болашақ міндеттемелер	
6677	Берілген қарыздар бойынша шартты міндеттемелер	
6680	Вексельдер бойынша ықтимал міндеттемелер	
6680	Вексельдер бойынша ықтимал міндеттемелер	
6700	Бағалы қағаздар сатып алу бойынша және өзге туынды қаржы құралдары бойынша шоттар	
6705	Бағалы қағаздар сатып алу бойынша шартты міндеттемелер	
6710	Фьючерс операциялары бойынша шартты міндеттемелер	
6725	Сатып алынған опцион операциялары – «колл-пут» бойынша шартты міндеттемелер – контршот	
6730	Болашақ сыйақы туралы сатып алынған келісім	
6740	Пайыздық своп	
6800	Бағалы қағаздарды сату бойынша және өзге де туынды қаржы құралдары бойынша шоттар	
6805	Бағалы қағаздарды сату бойынша шартты міндеттемелер	
6825	Сатылған опцион операциялары – «колл/пут» бойынша шартты міндеттемелер	
6830	Болашақ сыйақы туралы іске асырылған келісім – контршот	
6850	Басқа да туынды қаржы құралдары бойынша шартты міндеттемелер	
6900	Валюталық құндылықтарды сатып алу-сату бойынша шоттар	
6905	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер	
6915	Аффинирленген бағалы металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер	
6996	Басқа да активтермен мәмілелер бойынша позиция	
6997	Бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша позиция	
6998	Аффинирленген бағалы металдармен мәмілелер бойынша позиция	
6998_	Аффинирленген бағалы металдармен мәмілелер бойынша позиция	
6999	Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция	
6999_	Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция	
7	МЕМОРАНДУМ ШОТТАРЫ	
7100	Мемориалдық шоттар – активтер	
7110	Жалға берілген үйлер, машиналар, жабдық, көлік және басқа құралдар	
7115	Төлемді бөліп-бөліп төлеу арқылы өткізілетін негізгі құралдар	
7150	Шетелдік операциялар бойынша инкассоға жіберілген құжаттар және құндылықтар	
7160	Міндеттемелерді қамтамасыз етуге (кепілге) берілген мүлік	
7200	Мемориалдық шоттар – пассивтер	
7220	Жалға алынған үйлер, машиналар, жабдық, көлік және басқа да құралдар	
7240	Инкассоға қабылданған құжаттар және құндылықтар	
7250	Клиенттің міндеттемелерін қамтамасыз етуге (кепілге) қабылданған мүлік	
7300	Мемориалдық шоттар – басқалары	
7303	Мерзімінде төленбеген төлем құжаттары	



7320	Секьюритилендірілетін активтер	
7321	Қазақстан Республикасының ұйымдарына шет мемлекеттер мен шетелдік банктер ашқан кредит желілер	
7330	Агенттік келісімдер негізінде қызмет көрсетілетін қарыздар	
7331	Агенттік қарыздар бойынша есептелген сыйақы	
7339	Әртүрлі құндылықтар мен құжаттар	
7342	Есебіне жіберілген және берілген әртүрлі құндылықтар мен құжаттар	
7345	Сақтаудағы бағалы металдар	
7360	Клиенттердің акциялары мен басқа бағалы қағаздары	
7363	Клиенттердің кастодиандық қызмет көрсетудегі активтері	
7400	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының сақтауға қабылданған зейнетақы активтері	
7401	Қазақстан Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары	
7403	Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары	
7404	Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар	
7405	Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	
7406	Басқа банктердегі салымдар	
7407	Басқа да зейнетақы активтері	
7408	Зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)	
7409	Зейнетақы активтері орналастырылған Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)	
7410	Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, зейнетақы активтері орналастырылған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)	
7411	Зейнетақы активтері орналастырылған халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары бойынша есептелген сыйақы (купон, дисконт/сыйлықақы)	
7412	Зейнетақы активтері орналастырылған басқа банктердегі салымдар бойынша есептелген сыйақы	
7413	Зейнетақы активтері орналастырылған басқа да қаржы активтері бойынша есептелген сыйақы	
7414	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздармен операциялар бойынша міндеттемелері	
7416	Зейнетақы активтері орналастырылған бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары	
7500	Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған ипотекалық қарыздар	
7535	Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған ипотекалық қарыздар	



7536	Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған мерзімі өткен ипотекалық қарыздар	
7542	Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған ипотекалық қарыздар бойынша есептелген сыйақы	
7543	Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған ипотекалық қарыздар бойынша тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)	
7544	Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған ипотекалық қарыздар бойынша мерзімі өткен сыйақы	
7600	Клиенттердің сенімгерлік (инвестициялық) басқарудағы активтері	
7601	Ақша	
7602	Аффинирленген бағалы металдар	
7604	Орналастырылған салымдар	
7610	Сыйақы	
7611	Басқа да талаптар	
7630	Сенімгерлік (инвестициялық) басқару операциялары бойынша міндеттемелер	
7631	Төленетін шоттар	
7632	Басқа да міндеттемелер	
7650	Капитал	
7651	Капитал	
7660	Сенімгерлік (инвестициялық) басқару операциялары бойынша кірістер	
7661	Клиенттен активтердің түсуі	
7662	Сыйақы түріндегі кірістер	
7663	Активтерді сатып алу-сатудан түскен кірістер	
7664	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан болатын іске асырылған кірістер	
7665	Бағамдық айырма бойынша іске асырылған кірістер	
7666	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан болатын іске асырылмаған кірістер	
7667	Бағамдық айырма бойынша іске асырылмаған кірістер	
7668	Басқа да кірістер	
7680	Сенімгерлік (инвестициялық) басқару операциялары бойынша шығыстар	
7681	Клиенттің активтерін алу	
7682	Комиссиялық сыйақылар төлеу бойынша шығыстар	
7683	Активтерді сатып алу-сатудан болған шығыстар	
7684	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан болатын іске асырылған шығыстар	
7685	Бағамдық айырма бойынша іске асырылған шығыстар	
7686	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан болатын іске асырылмаған шығыстар	
7687	Бағамдық айырма бойынша іске асырылмаған шығыстар	
7688	Басқа да шығыстар	
7700	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін қоспағанда, кастодиандық сақтауға қабылдаған активтері	



7701	Бағалы қағаздар	
7702	Басқа банктердегі салымдар	
7703	Аффинирленген бағалы металдар	
7704	«Кері РЕПО» операциялары	
7705	«РЕПО» операциялары	
7706	Туынды қаржы құралдары	
7707	Капиталға инвестициялар	
7708	Үйлерге, машиналарға, жабдыққа, көлік және басқа негізгі құралдарға инвестициялар	
7709	Басқа да активтер	
7710	Дивидендтер	
7711	Сыйақы	
7712	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушы есептеген сыйақы	
7713	Басқа да талаптар	
7800	Инвестициялық депозит туралы шарт бойынша активтер	
7801	Банктің клиенттердің ақшасын есепке алу шоты	
7802	Аффинирленген бағалы металдар	
7803	Басқа банктердегі салымдар	
7804	Ислам бағалы қағаздары	
7805	Қатысу үлестері	
7806	Сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша талаптар	
7807	Сыйақы	
7808	Қорлар	
7809	Үйлер, машиналар, жабдық, көлік және басқа да құралдар	
7810	Салынып (орнатылып) жатқан негізгі құралдар	
7811	Лизингке (жалға) берілген активтер бойынша талаптар	
7812	Жалдау бойынша есептелген кірістер	
7813	Шығындарды өтеуге резервтер (провизиялар)	
7820	Басқа да талаптар	
7830	Инвестициялық депозит туралы шарт бойынша міндеттемелер	
7831	Инвестициялық депозиттер бойынша міндеттемелер	
7832	Болашақ кезеңдер кірістер	
7833	Инвестициялық депозиттер бойынша есептелген шығыстар	
7834	Инвестициялық депозиттерді басқарғаны үшін сыйақы	
7835	Басқа да міндеттемелер	
7850	Капитал	
7851	Капитал	
7860	Инвестициялық депозит туралы шарт бойынша кірістер	
7862	Сыйақы түріндегі кірістер	
7863	Активтерді сатып алу-сатудан түскен кірістер	
7864	Заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысудан түскен кірістер	
7865	Дисконт амортизациясы бойынша кірістер	
7866	Резервтерді (провизияларды) қалыпқа келтіруден түскен кірістер	
7867	Бағамдық айырма бойынша кірістер	
7868	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен кірістер	
7869	Лизинг (жалдау) төлемдері түріндегі кірістер	



7870	Сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша кірістер	
7871	Басқа да кірістер	
7880	Инвестициялық депозит туралы шарт бойынша шығыстар	
7881	Инвестициялық депозиттер бойынша сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	
7882	Комиссиялық сыйақы төлеу бойынша шығыстар	
7883	Активтерді сатып алу-сатудан болған шығыстар	
7884	Сыйақы амортизациясы бойынша шығыстар	
7886	Бағамдық айырма бойынша шығыстар	
7887	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған шығыстар	
7888	Негізгі құрал-жабдықтар бойынша амортизациялық аударымдар	
7889	Активтердің құнсыздануынан болатын зиян	
7890	Басқа да шығыстар	

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Бас бухгалтер немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Орындаушы

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

Есепке қол қойылған күн 20 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.



## **Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп нысанына қосымша**

### **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

#### **Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп**

##### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ипотекалық ұйымдар ай сайын жасайды.

4. Нысан есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасалады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалар және орындаушы қол қояды.

##### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. Нысан ипотекалық ұйымның активтер, міндеттемелер, капитал, кірістер, шығыстар бойынша баланстық шоттарының және шартты және ықтимал талаптар және міндеттемелер, меморандум шоттары бойынша баланстық және баланстан тыс баптардың құрылымын ашып көрсетеді.

7. Нысан ипотекалық ұйымның жүзеге асыратын қызметіне байланысты жасалады.

8. Нысанда шоттар топтары ашып көрсетіледі және «Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы №3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6793 болып тіркелген) сәйкес шоттар бойынша сомалар көрсетіледі.

9. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықпен ұсынылады.



Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы 29 маусымдағы  
№ 138 қаулысына  
13-қосымша

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2014 жылғы 24 қыркүйектегі  
№ 178 қаулысына  
12-қосымша

### **Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидалары**

Осы Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидалары «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) есептілікті ұсыну тәртібін айқындайды.

1. Қызметінің айрықша түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілікті уәкілетті органға автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйе арқылы электрондық форматта ұсынады.

Уәкілетті органның қателерді (нысан ішілік және нысан аралық бақылау) анықтауы есептілікті банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға қайтару үшін негіз болып табылады.

2. Есепті күнгі жағдай бойынша қағаз тасымалдағыштағы есептілікке бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалар қол қояды және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда сақталады.

3. Есептіліктегі деректердің толықтығы мен дәйектілігі, сондай-ақ электрондық форматта берілетін деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалар қамтамасыз етеді.

4. Есептілік жасау мақсатында активтер мен шетел валютасындағы міндеттемелер (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысының 1-тармағында және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын белгілеу және қолдану тәртібін белгілеу туралы» 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығында көзделген тәртіппен белгіленген валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеліп көрсетіледі.





Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде 2018 жылы 6 тамызда  
№ 17274 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2018 жылғы 29 маусым

№ 139

### **Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасының қаржы секторының шолуын қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. «Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 316 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14804 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түріндегі эталондық бақылау банкі» 2017 жылғы 2 наурызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Зерттеулер және статистика департаменті (Тутушкин В.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін



күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитетінің төрағасы

Н. Айдапкелов \_\_\_\_\_

2018 жылғы 23 шілде



**Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы 29 маусымдағы  
№ 139 қаулысымен  
бекітілді**

**Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің  
және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға  
арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулық**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) қаржы секторының шолуын қалыптастыру үшін мәліметтерді (бұдан әрі – мәліметтер) ұсыну тәртібін нақтылайды.

2. Мәліметтер Нұсқаулыққа сәйкес бухгалтерлік есеп деректерінің негізінде жасалады.

3. Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдар – халықаралық капитал нарықтарында қаражат тарту мақсатында қазақстандық компаниялар шет елдерде құратын еншілес ұйымдар;

2) институционалдық бірліктер – активтерге иелік ететін, өздеріне міндеттемелер қабылдайтын, шаруашылық қызметпен және басқа институционалдық бірліктермен операциялармен айналысатын шаруашылық бірліктер;

3) халықаралық банкаралық үзіліссіз байланысқан есеп айырысулар жүйесі (бұдан әрі – CLS халықаралық банкаралық жүйесі) – валюталық операциялар бойынша есеп айырысуға маманданатын төлем жүйесі, оның көмегімен ірі әлем банктері халықаралық валюта нарығында нақты уақыт режимінде сауда жасайды және ол валюталық операциялар бойынша есеп айырысулар кезінде кредиттік тәуекелді болдырмауға мүмкіндік береді;

4) экономика секторы – айналысатын негізгі қызмет түрі бірдей институционалдық бірліктерді біріктіретін экономиканың негізгі бөлімшесі.

4. «Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым» деген ұғым «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәнінде пайдаланылады.

5. «Резидент» және «бейрезидент» деген ұғымдар «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәндерінде пайдаланылады.

**2-тарау. Мәліметтерді жасау тәртібі**

6. Қаржы секторының шолуын қалыптастыруға арналған көрсеткіштер бойынша мәліметтер Нұсқаулыққа 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша жасалады.

Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша мәліметтер Нұсқаулыққа 2-қосымшада белгіленген нысан бойынша жасалады.



7. Мәліметтер теңгемен жасалады.

8. Нұсқаулыққа 1 және 2-қосымшалардағы мәліметтер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6793 болып тіркелген «Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы №3 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарының 2-тарауы 1, 2 және 3-параграфтарының шоттары (бұдан әрі – шот) бойынша жасалады, олар одан әрі Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес резиденттік белгілері, экономика секторы және валюталар түрі бойынша нақтыланады.

Нұсқаулыққа 1 және 2-қосымшалардағы көрсеткіштер құрылымы АААА ХУZ түріндегі цифрлық символдар жүйесін білдіреді, мұндағы:

АААА – шоттың нөмірі;

X – резиденттік белгісі (резиденттік белгісінің берілген кодтары Нұсқаулықтың 9-тармағында келтірілген);

Y – экономика секторының белгісі (экономика секторларының берілген кодтары мен сипаты Нұсқаулықтың 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 және 18-тармақтарында келтірілген);

Z – валюта түрінің белгісі (валюта түрлерінің берілген кодтары Нұсқаулықтың 19-тармағында келтірілген).

9. X символы бойынша мынадай берілген кодтарға сәйкес резиденттік белгісі көрсетіледі:

«1» коды – Қазақстан Республикасының резиденті;

«2» коды – Қазақстан Республикасының бейрезиденті.

10. Y символы бойынша мынадай берілген кодтарға сәйкес экономиканың мынадай секторлары көрсетіледі:

1) мемлекеттік басқару органдары секторы:

«1» коды – Орталық Үкімет;

«2» коды – өңірлік және жергілікті басқару органдары;

2) қаржы ұйымдары секторы:

«3» коды – Орталық (ұлттық) банктер;

«4» коды – басқа депозиттік ұйымдар;

«5» коды – басқа қаржы ұйымдары;

3) қаржылық емес ұйымдар секторы:

«6» коды – мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар;

«7» коды – мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар;

4) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар секторы:

«8» коды – үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар;

5) үй шаруашылықтары секторы:

«9» коды – үй шаруашылықтары.

11. Әрбір жеке институционалдық бірлік өзінің негізгі қызметінің түріне сәйкес экономиканың тұтастай бір секторына жатады. Институционалдық бірліктерді жіктеу қағидаты олар жүзеге асыратын негізгі қызмет түріне сәйкес оларды экономика секторлары бойынша бөлу болып табылады.

Әрбір сектордың оны басқа секторлардан өзгеше ететін экономикалық сипаттары болады.

12. Мемлекеттік басқару органдары секторына ел аумағында орналасқан басқа институционалдық бірліктерге қолданылатын заң шығарушылық, сот немесе атқарушылық билігі бар институционалдық бірліктер кіреді. Мемлекеттік басқару органдарының негізгі функциялары: тұтастай қоғамды және жеке үй шаруашылықтарын тауарлармен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету жауапкершілігі; бұл үшін қажетті қаржы қаражатын салық салу арқылы немесе басқа кірістер есебінен жұмылдыру; трансферттер арқылы кірістерді мен байлықты қайта бөлу және нарықтық емес өндірісті жүзеге асыру болып табылады. Бұл



секторға Орталық Үкімет («1» коды), өңірлік және жергілікті басқару органдары («2» коды) кіреді.

«1» кодына министрліктер, республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ведомстволар және агенттіктер, ғылыми-зерттеу институттары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенттері – институционалдық бірліктер, мемлекеттік басқару органдардың бақылауындағы және республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылатын қорлар, сондай-ақ мемлекеттің бақылауындағы және нарықтық өндіріспен айналыспайтын басқа ұйымдар жатады.

«2» кодына облыс, қала және аудан деңгейінде басқару функцияларын жүзеге асыратын институционалдық бірліктер және өңірлік (жергілікті) бюджеттер қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар жатады.

13. Қаржы ұйымдары секторына негізгі функциялары қаржылық делдалдық немесе қаржылық делдалдыққа тығыз байланысты қосалқы қаржы қызметі болып табылатын институционалдық бірліктер кіреді. Бұл секторға Орталық (ұлттық) банктер («3» коды), басқа да депозиттік ұйымдар («4» коды), басқа қаржы ұйымдары («5» коды) кіреді.

«3» кодына қаржы жүйесінің негізгі аспектілерін бақылауды жүзеге асыратын институционалдық бірліктер кіреді, олардың негізгі қызмет түрлері ұлттық валюталардың эмиссиясы, халықаралық резервтерді басқару, Халықаралық валюта қорымен және басқа да халықаралық қаржы ұйымдарымен операцияларды жүзеге асыру, басқа депозиттік корпорацияларға кредит беру болып табылады.

«4» кодынан негізгі қызмет түрі қаржылық делдалдық болып табылатын және міндеттемелерінің депозиттердің немесе сол сияқтылардың (ауқымды ақшаның ұлттық анықтамасына кіретін депозиттердің жақын алмастырушылары) нысаны бар институционалдық бірліктер кіреді. Осы топқа банктер, оның ішінде исламдық қаржыландыруды жүзеге асыратын банктер жатады.

«5» кодына түрлі делдалдық не қосалқы қаржылық қызметтерді жүзеге асыратын немесе қызметі қаржылық делдалдықпен тығыз байланысты болатын, бірақ өздері делдалдардың қызметін атқармайтын осы сектордың қалған барлық институционалдық бірліктері жатады. Бұл топқа кредиттік серіктестіктер, микроқаржы ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, жинақтаушы зейнетақы қорлары, ломбардтар, айырбастау пункттері, ипотекалық компаниялар, брокерлік және дилерлік компаниялар, арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдар, инвестициялық қорлар, қаржылық лизингтік компаниялар, факторингтік компаниялар, сондай-ақ валюталық және қор биржалары, сақтандыру брокерлері, кепілдік беру қорлары және басқа да қаржы ұйымдары сияқты көптеген түрлі қаржы ұйымдары жатады.

14. Қаржылық емес ұйымдар секторына негізгі қызмет түрі басым түрде нарық тауарларының және қаржылық емес қызметтің өндірісі болып табылатын институционалдық бірліктер кіреді. Осы секторға мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар («6» коды) және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар («7» коды) жатады.

«6» кодына басым түрде нарықтық өндіріспен айналысатын және мемлекеттік басқару органдарының бақылауындағы институционалдық бірліктер кіреді.

Мемлекеттік басқару органдарының бақылауы:

дауыс беретін акциялардың бақылау пакетін сатып алу немесе акционерлер дауыстарының жартысынан көбін бақылаудың нысандарын белгілеу арқылы;

мемлекеттік басқару органдарына ұйымның саясатын айқындау немесе оның директорларын тағайындау құқығын беретін заңнаманы, жарлықты немесе нормативтік құқықтық актіні қабылдау нәтижесінде жүзеге асырылады.

Осы шағын топқа мемлекеттік басқару органдары бақылайтын және қаржыландыратын коммерциялық емес ұйымдар кірмейді, себебі олар мемлекеттік басқару органдары секторына жатады.

«7» кодына басым түрде нарықтық өндіріспен және (немесе) қаржылық емес нарықтық қызметтермен айналысатын және мемлекеттік басқару органдары бақыламайтын институционалдық бірліктер кіреді.



15. Ұй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар секторы («8» коды) тауарларды немесе қызметтерді өндіретін, бірақ осындай ұйымдарды бақылайтын институционалдық бірліктерге кіріс немесе өзге қаржылық игіліктерді әкелмейтін институционалдық бірліктерді қамтиды және оған мынадай:

1) қауымдастықтары осы қауымдастықтардың мүшелерін тауарлармен немесе қызметтермен қамтамасыз ету үшін тұлғалар құратын институционалдық бірліктер кіреді. Осындай қызметтер әдетте тегін көрсетіледі немесе жүйелі мүшелік жарналар есебінен қаржыландырылады. Оларға саяси партиялар, кәсіподақтар, діни бірлестіктер, қоғамдық, мәдени, ойын-сауық және спорт клубтары және басқалар жатады;

2) қызметінің негізгі түрі қайырымдылық көмек көрсету болып табылатын институционалдық бірліктер кіреді. Оларға қоғам мүшелерінің мүдделеріне қызмет көрсету үшін қайырымдылық мақсаттарда құрылатын қайырымдылық ұйымдары мен зардап шеккен немесе мұқтаж адамдарға көмек көрсету жөніндегі агенттіктер жатады. Ұй шаруашылықтарына қызмет көрсететін осы коммерциялық емес ұйымдар мұқтаж ұй шаруашылықтарына нарықтық емес негізде тауарлар ұсынумен немесе қызмет көрсетумен айналысады. Ұй шаруашылықтарына қызмет көрсететін осындай коммерциялық емес ұйымдардың қаражаты жұртшылықтан, мемлекеттік басқару органдарынан ақшалай немесе заттай нысанда келіп түсетін қайырмалдықтардың және бейрезиденттерден түсетін трансферттердің есебінен қалыптасады.

16. Ұй шаруашылықтары секторы («9» коды) жеке тұлғалардан, сондай-ақ бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін біріктіретін (толық немесе ішінара) және тауарлар мен қызметтердің белгілі бір түрлерін (тұрғын үйді, тамақ өнімдерін және басқаларды) бірлесіп тұтынатын жеке тұлғалардың шағын топтарынан (отбасылардан) құралған институционалдық бірліктерден тұрады. Бұл топқа, сондай-ақ заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар жатқызылады.

17. Халықаралық ұйымдар мүше мемлекеттердің арасындағы саяси келісімнің негізінде құрылады. Осындай келісімнің халықаралық шарт мәртебесі болады. Халықаралық ұйымдарды құру мақсаты осы ұйымдар мүшелерінің ұжымдық тұтынуы үшін нарықтық емес қызметтер көрсету және (немесе) қаржылық делдалдықты жүзеге асыру не әртүрлі елдердің кредиторлары мен қарыз алушыларының арасында қаржылық ресурстарды қайта бөлу болып табылады. Халықаралық ұйымдарға белгілі артықшылықтар мен жеңілдіктер беріледі. Осындай ұйымдарға олар аумағында орналасқан елдің заңнамасы қолданылмайды. Осындай ұйымдар олар аумағында орналасқан елді немесе олардың қызметі таралатын елді қоса алғанда қандай да бір елдің резиденттері болып саналмайды.

Қаржылық қызметпен айналысатын халықаралық ұйымдар экономиканың «Орталық (ұлттық) банктер» секторында есепке алынады. Барлық басқа халықаралық ұйымдар экономиканың «Орталық Үкімет» секторында есепке алынады.

18. Холдинг компаниялар немесе бас офистер – еншілес кәсіпорындардың топтарын бақылайтын компаниялар, олардың негізгі қызметі осындай топтарға иелік етуді немесе олардың қызметін басқаруды білдіреді. Холдинг компаниялар немесе бас офистер жүзеге асыратын қызметіне байланысты қаржылық немесе қаржылық емес ұйымдарға жатқызылады.

Бірліктердің холдинг компаниялар деп жиі аталатын екі түрі болады. Бірінші түрі – бас офис, ол еншілес кәсіпорындарды басқарушылық бақылаудың барлық аспектісін жүзеге асырады. Осы шағын топқа компаниялардың немесе кәсіпорындардың басқа бөлімшелерін қадағалау және оларды басқару, кәсіпорындардың олармен байланысты ағымдағы қызметін жедел бақылау және басқару кіреді. Еншілес ұйымдардың барлығы немесе көпшілігі қаржылық емес болып табылса, онда осы бас офис қаржылық емес корпорациялар секторына («6» коды) жатқызылады, егер қаржылық болып табылса, онда тиісінше қаржылық корпорациялар секторына («5» коды) жатқызылады.

Екінші түрге еншілес корпорациялардың активтеріне иелік ететін, бірақ басқа компанияларға әкімшілік немесе өзге де басқаруды жүзеге асырмайтын холдинг компаниялар жатады. Олардың негізгі қызметі үлестік қатысуы бар кәсіпорындарға басқа қызметтер көрсетпей-ақ,



осындай компаниялар тобына иелік ету болып табылады. Егер осы компанияларда қаржылық қызмет басым болса не олар бақылайтын корпорациялардың қарапайым көпшілігі қаржылық корпорациялар болып табылса, онда мұндай бірліктер қаржылық корпорациялар секторына («5» коды) жатқызылады.

19. Z символы бойынша төмендегі белгіленген кодқа сәйкес валюта түрі көрсетіледі:

«1» коды – Қазақстан теңгесі, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (бұдан әрі – теңге);

«2» коды – еркін айырбасталатын валюта (бұдан әрі – ЕАВ);

«3» коды – басқа валюта түрлері (бұдан әрі – ББТ);

ЕАВ тобына CLS халықаралық банкаралық жүйесінде есеп айырысуларға қабылданған және осы валютадағы төлемдер бойынша шектеулер болмайтын шетел валютасының түрлері жатады. Осы топқа мыналар кіреді:

Австралия доллары (AUD)

АҚШ доллары (USD)

Біріккен Корольдіктің фунт стерлингтері (GBP)

Венгрия форинті (HUF)

Гонконг доллары (HKD)

Дат кронасы (DKK)

Еуро (EUR)

Жаңа Зеландия доллары (NZD)

Жаңа Израиль шекелі (ILS)

Жапон йенасы (JPY)

Канада доллары (CAD)

Корей Республикасының вонасы (KRW)

Қытай юані (CNY)

Мексика песосы (MXN)

Норвегия кронасы (NOK)

Оңтүстік Африка рэнді (ZAR)

Сингапур доллары (SGD)

Швед кронасы (SEK)

Швейцария франкі (CHF);

ББТ тобына теңгені және ЕАВ тобының валюталарын қоспағанда, барлық басқа да валюталар кіреді.

20. X, Y және Z символдарындағы нөлмен белгілеу осы позиция бойынша нақтылаудың жоқтығын білдіреді.

21. X және Y символдары бойынша активтерді нақтылау резиденттік және дебитор (эмитент) экономикасы секторы бойынша, сол позициялар бойынша міндеттемелерді нақтылау – резиденттік және кредитор экономикасы секторы бойынша жүргізіледі.

22. Нұсқаулыққа 1 және 2-қосымшаларда мерзімдері бойынша активтер мен міндеттемелерді мынадай сыныптау қабылданды:

1) қысқа мерзімді – қоса алғанда бір жылға дейін;

2) ұзақ мерзімді – бір жылдан асатын.

### 3-тарау. Мәліметтерді ұсыну тәртібі

23. Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі және ипотекалық ұйымдар Ұлттық Банкке мәліметтерді Ұлттық Банктің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде береді.

24. Нұсқаулыққа 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша мәліметтерді күн сайынғы және ай сайынғы негізде:

1) екінші деңгейдегі банктер:



күн сайынғы мәліметтерді – есепті күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей (ай сайынғы мәліметтермен бірізгілікте берілетін айдың бастапқы есепті күндері үшін мәліметтерді қоспағанда);

ай сайынғы мәліметтерді – есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) Қазақстанның Даму Банкі ай сайынғы мәліметтерді – есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей;

3) ипотекалық ұйымдар ай сайынғы мәліметтерді – есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Мәліметтер болмаған жағдайда нысан нөлдік қалдықтарымен беріледі.

25. Нұсқаулыққа 2-қосымшада белгіленген нысан бойынша мәліметтерді ай сайын айдың соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша:

1) екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) ипотекалық ұйымдар есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Мәліметтер болмаған жағдайда нысан берілмейді.





**Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстанның Даму Банкінің  
және ипотекалық ұйымдардың  
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне  
қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған  
мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан  
Қаржы секторының шолуын қалыптастыруға арналған көрсеткіштер  
бойынша мәліметтер**

**Есепті кезең: 20\_\_ жылғы «\_\_» «\_\_\_\_\_»**

Индекс: 700-Н(Д)

Мерзімділігі: күн сайын, ай сайын

Ұсынатындар: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі, ипотекалық ұйымдар

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімдері:

1) екінші деңгейдегі банктер:

күн сайынғы мәліметтерді – есепті күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей (ай сайынғы мәліметтермен бір мезгілде берілетін айдың бастапқы есепті күндері үшін мәліметтерді қоспағанда);

ай сайынғы мәліметтерді – есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) Қазақстанның Даму Банкі ай сайынғы мәліметтерді – есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей;

3) ипотекалық ұйымдар ай сайынғы мәліметтерді – есепті айдың соңғы күнінен кейінгі айдың 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Мәліметтер болмаған жағдайда нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.



**(екінші деңгейдегі банктің, Қазақстанның Даму Банкінің  
немесе ипотекалық ұйымның толық атауы)  
\_\_\_\_\_ жағдай бойынша**

(мың теңге)

Шот нөмірі	Нақтылау	Шоттың атауы (резиденттігі, экономика секторы, валюта түрі)	Сома
AAAA	XYZ		
1	000	Активтер	...
...	...	...	...
2	000	Міндеттемелер	...
...	...	...	...
3	000	Меншікті капитал	...
...	...	...	...

Бірінші басшы немесе ол қол қоюға уәкілеттік берген адам

\_\_\_\_\_  
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Бас бухгалтер немесе қол қоюға уәкілетті адам

\_\_\_\_\_  
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

Қол қойылған күн 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Ескерту: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада көрсетілген



**Қаржы секторының шолуын  
қалыптастыруға арналған  
көрсеткіштер бойынша  
мәліметтер нысанына  
қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

**Қаржы секторының шолуын қалыптастыруға арналған  
көрсеткіштер бойынша мәліметтер**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме «Қаржы секторының шолуын қалыптастыруға арналған көрсеткіштер бойынша мәліметтер» әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды екінші деңгейдегі банктер күн сайын және ай сайын, Қазақстанның Даму Банкі және ипотекалық ұйымдар ай сайын жасайды. Нысан есепті кезең соңындағы жағдай бойынша жасалады.

4. Нысанда сома мың теңгемен көрсетіледі. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан көп сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

**2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

6. Нысанда мынадай баланстық тепе-теңдік сақталады:

Активтер сомасы (1 000 жол) = Міндеттемелер сомасы (2 000 жол) + Меншікті капитал сомасы (3 000 жол).

7. 1011, 1012, 1601, 1602, 1610, 1651-1699, 1854, 1857, 1873, 1874, 2854, 2857, 2861, 2872, 2873, 3001-3027, 3101, 3200, 3400, 3510, 3540, 3580, 3589, 3599 шоттары бойынша «000» нақтылау ретінде көрсетіледі.

8. 1013, 1727, 2016, 2126, 2212, 2216, 2708, 2717 шоттары бойынша валюта коды бойынша «0» нақтылау көрсетіледі.

9. 1811-1827, 1831-1845, 1871, 1880, 2041–2048, 2231, 2704, 2811-2820, 2831-2839, 2871, 2874, 2880, 3561-3564 шоттары бойынша экономика секторы бойынша «0» нақтылау көрсетіледі.

10. 1007, 1009, 1603, 1604 шоттары бойынша 100 (резиденттер) нақтылау кодымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған ұлттық валютадағы коллекциялық монеталар және бағалы металдардан жасалған монеталар, 200 (резиденттер) нақтылау кодымен бағалы металдардан жасалған монеталар және резидент емес эмитенттердің коллекциялық монеталары көрінеді.

11. 1405, 1406, 1425, 1752, 1864 шоттары бойынша вексел берушінің экономика секторы көрсетіледі.

12. 1201, 1202, 1205, 1206, 1208, 1209, 1452, 1453, 1454, 1456, 1457, 1459, 1481, 1482, 1483, 1485, 1486, 1491, 1492, 1494, 1495, 1744, 1745, 1746, 1750, 1757 шоттары бойынша эмитенттің резиденттігі мен экономика секторы көрсетіледі.



13. 2301, 2303, 2306, 2401, 2402, 2405, 2406 шоттары бойынша бағалы қағазды ұстаушының резиденттігі мен экономика секторын дұрыс анықтауға мүмкіндік болмаған жағдайда номиналды ұстаушының (сенім білдірілген меншік иесінің) резиденттігі мен экономика секторы көрсетіледі.

14. Егер банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға не «Қазпочта» акционерлік қоғамына екінші деңгейдегі банктер мен ипотекалық ұйымдардың салымдарын орналастыру бойынша операция орын алған болса, бұл операция тиісті экономика секторы көрсетіле отырып, 1250 «Басқа банктерге орналастырылған салымдар» топтарының шоттарында көрінеді.



**Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстанның Даму Банкінің  
және ипотекалық ұйымдардың  
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне  
қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған  
мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан  
Шетелдік компаниялардың филиалдары және өкілдіктерімен  
операциялар бойынша мәліметтер**

**Есепті кезең: 20\_\_ жылғы «\_\_» «\_\_\_\_\_» жағдай бойынша**

Индекс: 700(ДФ)

Мерзімділігі: ай сайын

Кім ұсынады: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі, ипотекалық ұйымдар,

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімдері:

1) екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі есепті айдың соңғы күнінен кейінгі 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) ипотекалық ұйымдар есепті айдан кейінгі айдың соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Мәліметтер болмаған жағдайда нысан ұсынылмайды.



(екінші деңгейдегі банктің, Қазақстанның Даму Банкінің  
немесе ипотекалық ұйымның толық атауы)  
\_\_\_\_\_ жағдай бойынша

(мың.теңге)

Шот нөмірі	Шоттың атауы	Сома
1401	Клиенттерге берілген овердрафт қарыздары	
1403	Клиенттердің кредит карточкалары бойынша шоттар	
1405	Клиенттердің есепке алынған вексельдері	
1406	Клиенттердің есепке алынған вексельдері бойынша бұрынғы вексель ұстаушылар есептеген сыйақы	
1407	Клиенттерге факторинг	
1409	Клиенттердің факторинг бойынша мерзімі өткен берешегі	
1411	Клиенттерге берілген қысқа мерзімді қарыздар	
1417	Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	
1420	Клиенттерге берілетін қаржы лизингі	
1421	Клиенттердің қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешегі	
1422	Клиенттерге форфейтинг	
1423	Клиенттердің форфейтинг бойынша мерзімі өткен берешегі	
1424	Клиенттердің қарыздар бойынша мерзімі өткен берешегі	
1425	Клиенттердің наразылық білдірілген вексельдері	
1426	Клиентке сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша қойылатын талаптар	
1427	Сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша мерзімі өткен берешек	
1428	Клиенттерге берілген қарыздар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	
1429	Клиенттерге берілген басқа да қарыздар	
1434	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша дисконт	
1435	Клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйлықақы	
1445	Сенімгерлік басқаруға берілген қаржылық активтер	
1461	Бағалы қағаздармен кері репо операциялары	
1462	Бағалы қағаздармен кері репо операциялары бойынша мерзімі өткен берешек	
1552	Клиенттермен есеп айырысулар	
1740	Клиенттерге берілген қарыздар мен қаржы лизингі бойынша есептелген кірістер	
1741	Клиенттерге берілген қарыздар мен қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы	
1748	Бағалы қағаздармен кері репо операциялары бойынша есептелген кірістер	
1749	Басқа да мерзімі өткен сыйақы	
1752	Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген кірістер	



1753	Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген кірістер	
1755	Сенімгерлік басқаруға берілген қаржылық активтер бойынша есептелген кірістер	
1756	Басқа да операциялар бойынша есептелген кірістер	
1772	Жалдау талаптарындағы инвестициялық қызмет бойынша мерзімі өткен берешек	
1792	Алынған қарыздар мен салымдар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу	
1799	Басқа да алдын ала төлемдер	
1853	Акционерлермен есеп айырысулар (дивидендтер бойынша)	
2203	Занды тұлғалардың ағымдағы шоттары	
2210	Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржылық активтер	
2211	Занды тұлғалардың талап еткенге дейінгі салымдары	
2212	Клиенттердің тазартылған қымбат металдағы металл шоттары	
2215	Занды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары	
2216	Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы мерзімді салымдары	
2217	Занды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары	
2219	Занды тұлғалардың шартты салымдары	
2223	Занды тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым	
2224	Клиенттердің талап етілгенге дейінгі салымдары бойынша мерзімі өткен берешек	
2225	Клиенттермен жасалған басқа да операциялар бойынша мерзімі өткен берешек	
2226	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек	
2227	Алынған қаржы лизингі	
2228	Мерзімінде орындалмаған нұсқаулар	
2230	Алынған қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек	
2232	Клиенттердің шартты салымдары бойынша мерзімі өткен берешек	
2237	Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес жөнелтушінің нұсқауларын сақтау шоты	
2238	Клиенттерден тартылған салымдар бойынша сыйлықақы	
2239	Клиенттерден тартылған салымдар бойынша дисконт	
2240	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты	
2245	Инвестициялық депозиттер	
2255	Бағалы қағаздармен репо операциялары	
2451	Мерзімсіз қаржы құралдары	
2552	Клиенттермен есеп айырысулар	
2707	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақша сомасына сыйақы төлеумен байланысты есептелген шығыстар	
2717	Клиенттердің тазартылған қымбат металдағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстары	
2718	Клиенттердің ағымдағы шоттары бойынша есептелген шығыстар	
2719	Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар	
2720	Клиенттердің талап етілгенге дейінгі салымдары бойынша есептелген шығыстар	



2721	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар	
2723	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салымдар бойынша есептелген шығыстар	
2725	Бағалы қағаздармен репо операциялары бойынша есептелген шығыстар	
2731	Басқа да операциялар бойынша есептелген шығыстар	
2741	Алынған қарыздар мен қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2742	Талап етілгенге дейінгі салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2743	Мерзімді салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2745	Алынған қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар	
2746	Шартты салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2747	Басқа банктердің және клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2748	Ағымдағы шоттар бойынша мерзімі өткен сыйақы	
2749	Басқа да мерзімі өткен сыйақы	
2755	Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржылық активтер бойынша есептелген шығыстар	
2757	Мерзімсіз қаржы құралдары бойынша есептелген шығыстар	

Бірінші басшы немесе ол қол қоюға уәкілеттік берген адам

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Бас бухгалтер немесе қол қоюға уәкілетті адам

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Орындаушы \_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Телефон нөмірі: \_\_\_\_\_

Қол қойылған күн 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Ескерту: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада көрсетілген.





## **Шетелдік компаниялардың филиалдарымен және өкілдіктерімен операциялар бойынша мәліметтер нысанына қосымша**

### **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

#### **Шетелдік компаниялардың филиалдары және өкілдіктерімен операциялар бойынша мәліметтер**

##### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) «Шетелдік компаниялардың филиалдары және өкілдіктерімен операциялар бойынша мәліметтер» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 69) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі және ипотекалық ұйымдар ай сайын жасайды. Нысан айдың соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша жасалады.

4. Нысандағы сома мың теңгемен көрсетіледі. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан көп сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілеттілік берілген адам және орындаушы қол қояды.

##### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша Түсіндірме**

6. Нысанда Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын және бейрезиденттерге жататын шетелдік компаниялардың филиалдары және өкілдіктерімен жасалған операциялар бойынша ғана мәліметтер ұсынылады.

Мәліметтер мынадай экономика секторлары бойынша нақтылаумен ұсынылады:

- 1) басқа қаржы ұйымдары – «5» коды;
- 2) мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар – «6» коды;
- 3) мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар – «7» коды;
- 4) үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар – «8» коды.

Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік компаниялар филиалдарының және өкілдіктерінің экономика секторлары олардың бас компанияларының экономика секторларына сәйкес келеді.



**Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстанның Даму Банкінің  
және ипотекалық ұйымдардың  
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне  
қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған  
мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша**

Нақтылау XYZ	Нақтылауды ашып жазу (резиденттілігі, экономика секторы, валюта түрі)
000	
100	(резидент)
101	(резидент, теңге)
102	(резидент, ЕАВ)
103	(резидент, БВТ)
110	(резидент, Қазақстан Республикасының Үкіметі )
111	(резидент, Қазақстан Республикасының Үкіметі, теңге)
112	(резидент, Қазақстан Республикасының Үкіметі, ЕАВ)
113	(резидент, Қазақстан Республикасының Үкіметі, БВТ)
120	(резидент, өңірлік және жергілікті басқару органдары)
121	(резидент, өңірлік және жергілікті басқару органдары, теңге)
122	(резидент, өңірлік және жергілікті басқару органдары, ЕАВ)
123	(резидент, өңірлік және жергілікті басқару органдары, БВТ)
130	(резидент, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі)
131	(резидент, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, теңге)
132	(резидент, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ЕАВ)
133	(резидент, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, БВТ)
140	(резидент, екінші деңгейдегі банктер)
141	(резидент, екінші деңгейдегі банктер, теңге)
142	(резидент, екінші деңгейдегі банктер, ЕАВ)
143	(резидент, екінші деңгейдегі банктер, БВТ)
150	(резидент, қаржы ұйымдары)
151	(резидент, қаржы ұйымдары, теңге)
152	(резидент, қаржы ұйымдары, ЕАВ)
153	(резидент, қаржы ұйымдары, БВТ)
160	(резидент, мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар)
161	(резидент, мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар, теңге)
162	(резидент, мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар, ЕАВ)
163	(резидент, мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар, БВТ)
170	(резидент, мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар)
171	(резидент, мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар, теңге)
172	(резидент, мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар, ЕАВ)
173	(резидент, мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар, БВТ)
180	(резидент, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар)



181	(резидент, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар, теңге)
182	(резидент, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар, ЕАВ)
183	(резидент, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар, БВТ)
190	(резидент, үй шаруашылықтары)
191	(резидент, үй шаруашылықтары, теңге)
192	(резидент, үй шаруашылықтары, ЕАВ)
193	(резидент, үй шаруашылықтары, БВТ)
200	(бейрезидент)
201	(бейрезидент, теңге)
202	(бейрезидент, ЕАВ)
203	(бейрезидент, БВТ)
210	(бейрезидент, Шет мемлекеттің Орталық Үкіметі)
211	(бейрезидент, Шет мемлекеттің Орталық Үкіметі, теңге)
212	(бейрезидент, Шет мемлекеттің Орталық Үкіметі, ЕАВ)
213	(бейрезидент, шет мемлекеттің Орталық Үкіметі, БВТ)
220	(бейрезидент, өңірлік және жергілікті басқару органдары )
221	(бейрезидент, өңірлік және жергілікті басқару органдары, теңге)
222	(бейрезидент, өңірлік және жергілікті басқару органдары, ЕАВ)
223	(бейрезидент, өңірлік және жергілікті басқару органдары, БВТ)
230	(бейрезидент, шетелдік Орталық банктер )
231	(бейрезидент, шетелдік Орталық банктер, теңге)
232	(бейрезидент, шетелдік Орталық банктер, ЕАВ)
233	(бейрезидент, шетелдік Орталық банктер, БВТ)
240	(бейрезидент, шетелдік банктер )
241	(бейрезидент, шетелдік банктер, теңге)
242	(бейрезидент, шетелдік банктер, ЕАВ)
243	(бейрезидент, шетелдік банктер, БВТ)
250	(бейрезидент, қаржы ұйымдары)
251	(бейрезидент, қаржы ұйымдары, теңге)
252	(бейрезидент, қаржы ұйымдары, ЕАВ)
253	(бейрезидент, қаржы ұйымдары, БВТ)
260	(бейрезидент, мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар)
261	(бейрезидент, мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар, теңге)
262	(бейрезидент, мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар, ЕАВ)
263	(бейрезидент, мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар, БВТ)
270	(бейрезидент, мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар)
271	(бейрезидент, мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар, теңге)
272	(бейрезидент, мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар, ЕАВ)
273	(бейрезидент, мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар, БВТ)
280	(бейрезидент, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар)
281	(бейрезидент, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар, теңге)



282	(бейрезидент, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар, ЕАВ)
283	(бейрезидент, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар, БВТ)
290	(бейрезидент, үй шаруашылықтары)
291	(бейрезидент, үй шаруашылықтары, теңге)
292	(бейрезидент, үй шаруашылықтары, ЕАВ)
293	(бейрезидент, үй шаруашылықтары, БВТ)



Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде 2018 жылы 31 шілдеде  
№ 17250 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2018 жылғы 29 маусым

№ 140

### Іскерлік қатынастар қашықтықтан орнатылған жағдайда қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттерді тиісінше тексеруіне қойылатын талаптарды бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық, банктік заңнаманы жетілдіру және кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Іскерлік қатынастар қашықтықтан орнатылған жағдайда қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттерді тиісінше тексеруіне қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Қаржы нарығының әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
Б. Сұлтанов  
2018 жылғы 18 шілде



**Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы 29 маусымдағы  
№ 140 қаулысымен  
бекітілді**

**Іскерлік қатынастар қашықтықтан орнатылған жағдайда қаржы мониторингі  
субъектілерінің клиенттерді тиісінше тексеруіне қойылатын  
талаптар**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Іскерлік қатынастар қашықтықтан орнатылған жағдайда қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттерді тиісінше тексеруіне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – КЖТҚҚ туралы заң) 5-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және КЖТҚҚ туралы заңның 3-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 11) және 12) тармақшаларында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілеріне (бұдан әрі – қаржы мониторингі субъектілері) қолданылады.

2. Қаржы мониторингі субъектісі клиенттермен іскерлік қатынастарды қашықтықтан орнату туралы шешімді қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру (бұдан әрі – КЖТҚ) тәуекелі дәрежесінің бағасын клиенттердің типтері бойынша, елдік (географиялық) тәуекелді, қызметтер (өнім) және (немесе) оны беру тәсілі тәуекелін ескере отырып, дербес қабылдайды.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.29.11. № 301 Қаулысымен 3-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3. Қаржы мониторингі субъектілері мынадай талаптарға сәйкес келетін клиенттермен ғана іскерлік қатынастарды қашықтықтан орнату тәсілімен орнатады:

1) сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғаға не заңды тұлғаға сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда) не Қазақстан Республикасының бейрезиденті-жеке тұлға немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті-заңды тұлға шет мемлекетте тіркелген нөмір берілген жеке не заңды тұлға;

2) клиент (оның өкілі) және бенефициар меншік иесі терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген тұлға болып табылмайды;

3) клиент (оның өкілі) және бенефициар меншік иесі Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларына сәйкес халықаралық санкциялар (эмбарго) қолданылатын белгіленген тұлға немесе ұйым болып табылмайды;

4) клиент КЖТҚҚ туралы заңның 5-бабының 7-тармағына және ішкі бақылау қағидаларына сәйкес тиісінше тексерудің күшейтілген шараларын қолдану талап етілетін тәуекел деңгейі берілген тұлға болып табылмайды.

4. Қаржы мониторингі субъектілері бірмезгілде мынадай талаптарды сақтаған кезде клиентпен іскерлік қатынастарды қашықтықтан орнату тәсілмен орнатады:

1) КЖТҚҚ туралы заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген мәліметтерді Талаптардың 8-тармағына сәйкес тіркеу;

2) жеке тұлға клиенттің дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және беруге, оның ішінде қажет болған кезде үшінші тұлғаларға беруге оның сәйкестендіру құралы арқылы расталған келісімінің болуы;



3) жеке тұлға клиенттің (оның өкілінің) және бенефициар меншік иелерінің дербес деректерін жинауды, өңдеуді, сақтауды, беруді және қорғауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің болуы;

4) қаржы мониторингі субъектісінде іскерлік қатынастардың мақсаты операцияларды КЖТҚ мақсатында жасау болып табылатыны туралы күдіктің болмауы.

## **2-тарау. Клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексеру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу**

5. Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді тіркеу іскерлік қатынастарды қашықтықтан орнату тәсілмен орнатқанға дейін КЖТҚҚ туралы заңның 6-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Клиентпен іскерлік қатынастарды қашықтықтан орнату тәсілмен орнату үшін мыналар міндетті шарттар болып табылады:

1) клиенттің қаржы мониторингі субъектісінің қашықтан қол жеткізу жүйесіне өзінің жеке не бизнес-сәйкестендіру нөмірін енгізуі;

2) клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау;

3) КЖТҚҚ туралы заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген клиент бойынша мәліметтерді тіркеу.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.29.11. №301 Қаулысымен 7-тармақ жана редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

7. Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау үшін мынадай тәсілдер қолданылады:

1) жеке немесе заңды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы;

2) немесе биометриялық сәйкестендіру құралдары;

3) немесе егер жеке тұлғаны қаржы мониторингі субъектісі бұған дейін жеке қатыса отырып сәйкестендірген жағдайда, қаржы мониторингі субъектісі ақпарат алмасу туралы келісім жасаған екінші деңгейдегі банк немесе Ұлттық пошта операторы шығарған жеке тұлғаны сәйкестендіру және аутентификациялау кезіндегі төлем карточкасының деректемелері (төлем карточкасының нөмірі, қолданылу мерзімі, төлем карточкалары жүйесінің атауы);

4) немесе әріптердің, цифрлардың немесе таңбалардың комбинациясын білдіретін бірегей сәйкестендіруші немесе клиентті сәйкестендіру үшін қаржы мониторингі субъектісі белгілеген және онымен келісілген өзге сәйкестендіргіш.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде айқындалған клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау тәсілдерінің бірін немесе жиынтығында бірнешеуін қолдануға болады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау тәсілі мынадай жағдайлардың бірінде пайдаланылады:

1) осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау тәсілдерінің біреуімен немесе бірнешеуімен жиынтығында;

2) өмірді сақтандыру шарттарын, аннуитеттік сақтандыру шарттарын және сақтанушының инвестицияларға қатысу талабы көзделетін сақтандыру шарттарын қоспағанда, сақтандыру ұйымдары сақтандыру шарттарын электрондық нысанда жасасқан кезде.

Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау тәсілін таңдауды қаржы мониторингі субъектісі жүзеге асырады.

8. Клиентті сәйкестендіруді растайтын және КЖТҚҚ туралы заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген мәліметтерді тіркеу:

1) клиенттің оның Талаптардың 7-тармағында көрсетілген сәйкестендірудің расталған тәсілдерімен сәйкестендіру деректерін;

2) не қаржы мониторингі субъектісінің Талаптардың 7-тармағында көрсетілген тәсілдермен клиентті аутентификациялау рәсімдерін кейін өткізуі арқылы жүзеге асырылады.





### **3-тарау. Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің анықтығын тексеру**

9. Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің анықтығын тексеру КЖТҚҚ туралы заңның 5-бабы 3-тармағының б) тармақшасына және ішкі бақылау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

10. Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің анықтығын тексеруді қолжетімді дереккөздерінен алынған деректермен салыстыру арқылы жүргізген кезде қолжетімді дереккөздерінен алынған мәліметтер бар дерекқорлардан алынған ақпарат, үзінді-көшірмелер де растайтын құжаттардың көшірмелері болып табылады.

### **4-тарау. Іскерлік қатынастарды қашықтықтан орнату тәсілімен орнатудан бас тарту, қашықтықтан орнату тәсілімен орнатылған іскерлік қатынастарды бұзу**

11. Қаржы мониторингі субъектісі:

1) клиент Талаптардың 3-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген;

2) клиент Талаптардың 4-тармағының 2) тармақшасында және 6-тармағында көрсетілген шарттарды орындамаған жағдайда;

3) қаржы мониторингі субъектісінде клиенттің КЖТҚ мақсатында операция жүргізуі туралы күдік болған кезде;

4) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде, КЖТҚҚ туралы заңда, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де негіздер бойынша іскерлік қатынастарды қашықтықтан орнату тәсілімен орнатудан және (немесе) операцияларды жүргізуден бас тартады.

Қаржы мониторингі субъектісі клиентке іскерлік қатынастарды қашықтықтан орнату тәсілімен орнатудан бас тартқан кезде клиентті іскерлік қатынастарды келу тәртібімен орнату мүмкіндігі туралы хабардар етеді.



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2018 жылғы 29 маусым

№141

**«Мемлекеттік емес облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ облигациялар шығарылымын жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығару проспектісін (облигациялық бағдарламаның проспектісін, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығару проспектісін) жасау және ресімдеу қағидаларын, мемлекеттік емес облигациялар шығару проспектісінің (облигациялық бағдарлама проспектісінің, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығару проспектісінің) құрылымын, Мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті және мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті жасауға және ресімдеуге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 сәуірдегі №115 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік емес облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ облигациялар шығарылымын жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығару проспектісін (облигациялық бағдарламаның проспектісін, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығару проспектісін) жасау және ресімдеу қағидаларын, мемлекеттік емес облигациялар шығару проспектісінің (облигациялық бағдарлама проспектісінің, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығару проспектісінің) құрылымын, Мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті және мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есепті жасауға және ресімдеуге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 сәуірдегі №115 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13789 болып тіркелген, 2016 жылғы 8 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік емес облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ облигациялар шығарылымын жою қағидаларында:

5-тармақ алып тасталсын;

12-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама



шегіндегі облигациялар шығаруды) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы ұсынылған жағдайда, Қағидалардың 3-тармағының 1), 2), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында, 4-тармағының 1), 2), 4) және 5) тармақшаларында, 9, 10 және 11-тармақтарында көрсетілген құжаттар электрондық түрде «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы ұсынылады, Қағидалардың 3-тармағының 3) тармақшасында және 4-тармағының 3) тармақшасында, 6 және 8-тармақтарында көрсетілген құжаттар қағаз тасымалдағышта ұсынылады.»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Екінші деңгейдегі банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығаруды) мемлекеттік тіркеу осы эмитент мынадай талаптарға сәйкес келген жағдайда жүзеге асырылады:

1) облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығаруды) мемлекеттік тіркеуге құжаттар берілген күні бағалы қағаздардың қайталама нарығында айналыста болған облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі уақтылы орындалмаған және орындалмаған міндеттемелердің болмауы;

2) облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығаруды) мемлекеттік тіркеуге құжаттар беру күніне дейін соңғы екі аяқталған қаржы жылының біреуінің қорытындысы бойынша эмитенттің зиянсыз қызметі немесе соңғы екі аяқталған қаржы жылының біреуінде эмитенттің қызметінен алынған ақшалай қаражаттың таза ағындары аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігіне сәйкес оң болып табылады;

3) облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығаруды) мемлекеттік тіркеуге құжаттар берілген күні, сондай-ақ құжаттарды беру күніне дейін 3 (үш) ай бұрын кезеңде пруденциялық нормативтерді және уәкілетті орган белгілеген өзге нормалар мен лимиттерді сақтамау фактілерінің болмауы;

4) эмитенттің және ол шығаратын облигациялардың Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15175 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы №54 қаулысымен бекітілген Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарға және қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес келуі (эмитенттің облигациялар шығару проспектісінде (облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығару проспектісінде) қор биржасының сауда жүйесінде осы облигациялардың айналыста болуы көзделген жағдайда).

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары екінші деңгейдегі банктің қайта құрылымдауын жүргізу туралы сот шешіміне сәйкес жүргізілетін екінші деңгейдегі банктің бұрын шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді қайта құрылымдауын жүргізген жағдайларда қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 2) және 3) тармақшаларының талаптары екінші деңгейдегі банктің облигацияларын акцияларға айырбасталатын реттелген облигациялар түрінде шығаруға қолданылмайды.».

2. Қаржы нарығының әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;



3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.



Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде 2018 жылы 30 шілдеде  
№ 17244 болып тіркелді

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2018 жылғы 29 маусым

№ 142

### Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін табыс ету қағидаларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндеріне және оларды есептеу әдістемесіне:

38-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмиссияланған) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар;»;

7) тармақшада:

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:



«осы тармақшаның екінші, үшінші және төртінші абзацтарында көрсетілген акцияларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15175 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы №54 қаулысымен бекітілген Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарда (бұдан әрі – №54 талаптар) көзделген қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар және күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;»;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескере отырып, осы тармақшаның алтыншы және жетінші абзацтарында көрсетілген борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, №54 талаптарға сәйкес қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар;»;

43-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«43. Нормативтердің 42-тармағында көрсетілген әртараптандыру нормативтері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлғаға, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және ұлттық басқарушы холдингтерге тиесілі бағалы қағаздарына қолданылмайды.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есебі осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін табыс ету қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін электрондық форматта табыс етеді.

Есепті күндегі жағдай бойынша қағаз тасымалдағыштағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікке сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірінші басшысы (ол болмаған кезде – ол уәкілеттік берген адам) және бас бухгалтері (ол болмаған кезде – ол уәкілеттік берген адам) қол қояды және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында және сақтандыру тобында сақталады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің электрондық форматта табыс етілетін деректерінің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкес келуін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бірінші басшысы (ол болмаған кезде – ол уәкілеттік берген адам) және бас бухгалтері (ол болмаған кезде – ол уәкілеттік берген адам) қамтамасыз етеді.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарда:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15175 болып тіркелген Қазақстан Республикасы



Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы №54 қаулысымен бекітілген Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарға сәйкес қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесінде:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар;».

2. «Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі №170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15886 болып тіркелген, 2017 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерінде, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерінде:

57-тармақтың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Ұлттық Банкке, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлғаға, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына, «Стрестік активтер қоры» акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясына қойылатын талаптар, банктің балансынан есептен шығарылған банктің қарыз алушыға қоятын талаптары, ХҚЕС сәйкес резервтердің бір жүз пайызы қалыптастырылған банктің қарыз алушыға қоятын талаптары;»;

65-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздар, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлға шығарған бағалы қағаздар;»;

74-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Ұлттық Банкке қойылатын талаптар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ұлттық Банк кепілдік берген бағалы қағаздар, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлға шығарған бағалы қағаздар;»;

5-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесі осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

13-қосымшаға сәйкес Банктің сапасы жоғары өтімді активтерінің кестесі осы қаулыға



3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Қаржы нарығының әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.





**Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы 29 маусымдағы  
